

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ  
ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

**ХАЯТИ ТУФЕКЧИОҒЛУ**

**КОММУНИКАЦИЯ  
ӘЛЕУМЕТТАНУЫНА КІРІСПЕ**

**Алматы, 2024**

**ӘОЖ 316**  
**ҚБЖ 60.5**  
**К 53**

Коммуникация әлеуметтануына кіріспе. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК  
Философия, саясаттану және дінтану институты, 2024. - 176 б.

ISBN - 978-601-304-140-7

«Коммуникация әлеуметтануына кіріспе» кітабы – Хаяти  
Туфекчиоглудың 30 жыл бұрын жазған «İletişim Sosyolojisine Başlangıç»  
атты еңбегінің аудармасы.

Автор еңбекті жазу барысында коммуникация теориялары мен  
мәселелері туралы кең көлемде ақпарат ұсынуды мақсат етпеген. Оның  
монографиясының ерекшелігі зерттелетін мәселелерге деген автордың  
өзіндік теориялық көзқарасы болып табылады. Мұндағы негізгі мақсат  
– тарихтың шектеулі уақыт кезеңін мысалға ала отырып, осы мәселені  
зерттеудің нақты тәсілін көрсететін түсіндірме үлгіні құру болды.

Бұл ғылыми еңбектің тақырыбына қызығушылық қанша уақыт  
өтсе де өзектілігін жоймай, керісінше, сұранысқа ие болып отыр. Кітап  
кәсіпқой мамандарға, сондай-ақ кәсіби салада білікті маман болуға  
дайындалып жүрген барлық адамдарға арналады.

**ӘОЖ 316**  
**ҚБЖ 60.5**

ISBN - 978-601-304-140-7

© ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану  
және дінтану институты, 2024

© Қазақстан әлеуметтанушыларының  
қауымдастығы, 2024

## МАЗМҰНЫ

Басылымға алғы сөз - Зарема Шәукенова.....5

### КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНА КІРІСПЕ

Алғы сөз - Байқан Сезер.....12

Кіріспе .....18

Коммуникация зерттеулері мен теориялары .....21

А. Коммуникациялар тарихы .....24

Б. Академиялық институттардың қысқаша тарихы.....45

В. Коммуникациялар теориясы.....50

Тарихи және әлеуметтік контексттегі коммуникация .....79

А. Қоғам және Коммуникация.....79

Б. Ортағасырлық батыс қоғамдардағы және Ежелгі Римдегі коммуникация түрлері.....87

Қорытынды.....107

Библиография.....109

### ҚОСЫМША

1950-жылдардағы түрік-американ қатынастарының қоғамда қабылдануы.....113



## БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

1994 жылы профессор **Хаяти Тюфекчиоглу** Ыстамбұл университетінің Гуманитарлық факультеті социология кафедрасында коммуникация әлеуметтануы пәнінен дәріс бере бастады. Бұл курс Түркиядағы алғашқы осындай курстардың бірі болды. Дәл осы курстың арқасында 1997 жылы профессордың лекцияларының нәтижесінде **«Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының негіздері»** атты кітабы жарық көрді. Шағын көлемді болғанымен, бұл кітап осы саладағы бар олқылықтың орнын толтырып, тек социология кафедраларында ғана емес, сонымен қатар журналистика факультеттерінде де осы тақырыптағы негізгі дереккөз ретінде қолданыла бастады.

Бұл еңбектің жарыққа шығуында Ыстамбұл университетінің профессоры **Байкан Сезердің** еңбегі елеулі болды. Ол шәкіртінің кітабына алғы сөз жазып, оны *«Жастар дұрыс бағытта. Оқырман қолындағы кітап – Тюфекчиоглудың алғашқы еңбектерінің бірі. Мен көп нәрсе күтетін жас зерттеушілердің бірі ретінде оның осы жұмысы менің үмітімнің ақталғанын дәлелдейді»* деп аяқтады.

Профессор Сезер 2002 жылы өмірден өтті. Ол қазіргі уақытта өзінің ізбасарының жетістіктеріне одан да көбірек қуанар еді, өйткені бүгінгі таңда ол Түркияның беделді әлеуметтанушысы болып табылады. Хаяти Тюфекчиоглу академиялық ортада да, мемлекеттік қызметте де үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

2005 жылы Түркияда (Коджаэли қаласында) түркітілдес елдердің Бірінші әлеуметтанушылар Конгресі өтті, онда Түркі әлемінің әлеуметтанушылар одағы құрылып, оның

президенті болып Ыстамбұл университетінің Гуманитарлық факультетінің деканы, профессор **Коркут Туна** сайланды. Сол уақыттан бастап 2002 жылы Қазақстан әлеуметтанушыларының бірінші Конгресінде құрылған кәсіби бірлестігі - Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығының (ҚӘҚ) түрік әлеуметтанушыларымен, соның ішінде Хаяти Туфекчиоғлумен тығыз ынтымақтастығы басталды.

Доктор Туфекчиоғлу Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшісінің Мәдениет және ақпарат жөніндегі кеңесшісі қызметін атқарды. Оның дипломатиялық қызметі мәдениет, білім, ғылым және жалпы гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы қазақ-түрік қатынастарының дамуына баға жетпес үлес қосты. Сонымен қатар ол түркітілдес елдер әлеуметтанушыларының кәсіби одағының дамуы мен нығаюына ықпал етті. Ол Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығы өткізген барлық форумдарға белсене қатысты, өз кезегінде Ыстамбұл университетінде жоғары деңгейдегі конференциялар ұйымдастырды. 2010 жылы Түркітілдес елдер әлеуметтанушылары одағының президенті болып сайланып, бұл қызметті 2014 жылға дейін атқарды.

2014 жылы Қазақстанның Алматы қаласында өткен Түркітілдес елдер әлеуметтанушыларының V Конгресінде Түркітілдес елдер әлеуметтанушылары одағының президенті болып Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығының президенті, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор **М.М. Тәжин** сайланды. Осы Конгресте Х. Туфекчиоғлуға Қазақстан әлеуметтану академиясының құрметті академигі атағы беріліп, белгісі табысталды.

Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығының президенті Марат Мұханбетқазиевич Тәжин және вице-

президенттер Кеңес Өмбетжанович Биекенов, Серік Тұрарович Сейдуманов 2007 жылы Түркітілдес елдер әлеуметтанушыларының II Конгресі қарсаңында (Қазақстан, Алматы, 2008 ж.) Х. Туфекчиоғлуның «Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының негіздері» кітабын қазақ тілінде аудару және басып шығару бастамасын қолдады. Кітаптың орысша аудармасы Баку қаласында жасалды. Аудармаға автордың бұрынғы студенті, Әзірбайжаннан келген әлеуметтанушы *Әбульфаз Сүлейманов* үлкен үлес қосты. Басылымның бас редакторы қазақстандық әлеуметтанушы *Ботагөз Ракишева* болды. Хаяти Туфекчиоғлуның айтуынша, терминологияны бейімдеу және тілді өңдеу барысында олардың табандылығы мен шыдамдылығына қандай да бір алғыс жеткіліксіз еді. Сол сияқты, кітаптың аударылып, басылуына мүмкіндік берген Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығының басшылығына да шексіз алғыс білдірілді.

2023 жылы «Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының негіздері» кітабының орыс тіліндегі нұсқасы Халықаралық әлеуметтану кітап сериясында – «Sociologica International» (Ыстамбұл қ., Түркия) қайта басылып шығарылды. Бұл басылымға автор өзінің 1993 жылы Ыстамбұл университетінде ұйымдастырылған халықаралық конференцияда жасаған «1950 жылы Түркияның кең ауқымды қоғамдастығы үшін түрік-американ қатынастарын таныстыру» баяндамасын қосты. Онда ХХ ғасырдың 50-жылдарындағы американдық баспасөз материалдарының талдауы ұсынылған.

2024 жылдың тамыз айында Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі **С.Т. Сейдумановпен** бірге Ыстамбұл да Түркітілдес елдер әлеуметтанушылары одағының вице-президенті Хаяти

Туфекчиоғлумен кездесуіміз барысында, алдағы күзде өтетін VIII Қазақстан әлеуметтанушылар конгресі және VIII Түркітілдес елдер әлеуметтанушылары конгресі (Қазақстан, Алматы, 2024 ж.) туралы мәселені талқылау кезінде біздің қадірлі досымыз және әріптесіміз өзінің алғашқы еңбегінің қазақ тіліне аударылып, басылып шығарылуын көптен армандап жүргенін айтты. Әрине, біз бұл жүректен шыққан өтінішке үнсіз қала алмадық. Қазақстанға оралған соң, бұл істі жүзеге асыруға бірден ФСДИ қызметкерлері – философия ғылымдарының кандидаты *Күлсия Қоңырбаева* мен әлеуметтанушы *Әсем Ибраимованы* тарттық. Автор оларға және осы жұмысқа зор үлесін қосқан философия ғылымдарының докторы, профессор *Серік Нұрмұратовқа* қысқа мерзімде атқарған жұмыстары үшін терең ризашылығын білдіреді.

2007 жылы кітаптың орыс тіліндегі аудармасы басылып шыққан кезде автор 1997 жылы жарық көрген түпнұсқалық түрік басылымына сақтап қалу ниетін білдірді. «Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының негіздері» кітабының қазақ тіліндегі нұсқасы Хаяти Туфекчиоғлуның осыдан 30 жыл бұрын жазған еңбегінің аудармасы болып табылады.

Ол кезде автордың мақсаты коммуникация теориялары мен мәселелері туралы оқырманға кең көлемді ақпарат беру емес еді. Оның монографиясының ерекшелігі – зерттеліп отырған мәселеге қатысты автордың өзіндік түпнұсқалық теориясының болуы. Х. Туфекчиоғлу үшін маңызды мақсат осы мәселені зерттеуге арналған ерекше көзқарасты көрсететін түсіндірмелік үлгі құру болды. Осы үлгіні сипаттай отырып, ол оның қолданылу мүмкіндігін белгілі бір тарихи кезеңнің мысалында бағалауға тырысты. Дәл осы себептен ол кітабын «Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының негіздері» деп атады.

Дәл осы себептен бұл ғылыми жұмыстың тақырыбына деген қызығушылық уақыт өте келе жоғалмаған, керісінше, ол кәсіби мамандар мен болашақта осы салада жұмыс істеуге дайындалып жатқан адамдар арасында одан да өзекті және сұранысқа ие болды.

Бүгінде Қазақстан ғалымдарының қатарын Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығы біріктірген жас әлеуметтанушылардың жаңа буыны толықтырып отыр. Біз олардың ғылымда, саясатта, мемлекеттік қызметте өз орындарын табатынына сенімдіміз. Сонымен қатар олар бұл жетістіктерге қазақстандық жетекші жоғары оқу орындарында алған білімдерінің арқасында қол жеткізеді деп ойлаймыз.

Отандағы әлеуметтану білімінің институционализациясы 1971 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың философия-экономика факультетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті) алғашқы әлеуметтану зерттеулерінің зертханасының ашылуымен және ХХ ғасырдың 70-жылдарының соңында алғашқы жоғары оқу орындары аралық әлеуметтану зертханаларының құрылуымен, сондай-ақ 1988 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде әлеуметтану бөлімі мен кафедрасының ашылуымен тығыз байланысты. Кейіннен тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы әлеуметтану ғылымы айтарлықтай серпін алды. Қазақстан әлеуметтануының оң динамикасының себептерінің бірі оның елдің жетекші университетінің қабырғасында бастау алуы және эмпирикалық зерттеулердің үнемі күшейіп отыратын толқынына ықпал етуі болды.

Әлеуметтануды мемлекеттік тілде оқыту үздіксіз динамикалық үдеріс болды. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Хаяти Туфекчиоғлу кітабының қазақ тілінде жарық көруі Қазақстанның жаңа әлеуметтанушылар буынын даярлауға

## ХАЯТИ ТУФЕКЧИОҒЛУ


---

баға жетпес үлес қосып, коммуникация мәселелеріне қызығушылық танытатын кең ауқымды мамандар арасында өз орнын табары сөзсіз.

Қазақстан әлеуметтанушыларының қауымдастығы Хаяти Туфекчиоғлуға көпжылдық бірлескен жұмысы үшін терең алғысын білдіріп, кәсіби қызметінде әрі қарай табыстар мен жаңа ғылыми жетістіктер тілейді.

***Шәукенова Зарема Кәукенқызы***

*Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығының ғылыми жетекшісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор*



*“Коммуникация бүгінгі күні өзекті және пікірталас тудыратын тақырыптардың бірі болып табылады, және бұл сала көптеген таңқаларлық технологиялық инновациялар жинақтағандықтан, осы пікірталастарда коммуникация қазіргі қоғамды анықтайтын негізгі факторлардың біріне айналып отыр деген тұжырымға тоғысады.*

*Коммуникацияның негізгі ерекшеліктері оның қоғамдық дамумен байланысының контекстінде пайда болады. Біз коммуникацияның негізінде қоғамдық үрдістер жатыр деген қорытындыға келдік. Қоғамдар өздері тап болған мәселелердің нәтижесінде құрылымдалып, ұйымдастырылады, және әрбір қоғамның ұйымдық формасы оның қажеттіліктеріне жауап беретін коммуникация формасын анықтайды”.*

**Хаяти Туфекчиоглу**



## **БАЙКАН СЕЗЕР (1939-2002 жжс.)**

Түрік әлеуметтануының көрнекті өкілі. 1960-1965 жылдары Парижде кино, әдебиет, тарих және әлеуметтану мамандықтары бойынша білім алған. Түркияға оралғаннан кейін Ыстамбұл университетінің әлеуметтану факультетіне оқуға түсті. Оның диссертациялық тақырыптары: «Азия тарихындағы су далалары мен дала өркениеттері» және «Әлеуметтік дифференциация және діни оқиғалар». 1982 жылы

Ыстамбұл университетінің әдебиет факультетінде әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі болып сайланды. Зейнетке шыққаннан кейін де ғылыми жұмысын жалғастырды.

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Әлем ұзақ уақыттан бері жаңа жаһандық үдерістерге жақындап келеді. Әлеуметтану - осы үдерістермен тығыз байланысты ғылым. XIX ғасырда бұл ғылым пайда болғанда, ол жаңа әлемдік үдерістерге бағыт беріп, анықтай алатын мүмкіндіктері бар екенін байқатты. Сондықтан әлеуметтанушылар осы үдерістердің дамуын мұқият бақылап отырды. Бірақ бұл байланыс біржақты болды, және әлеуметтану тек оқиғалар барысын анықтай алған жоқ, сонымен қатар осы жаңа ғылымның дамуы да онымен шартталды. Нәтижесінде әлеуметтанушылар бақылаушылар рөлін атқаруға қанағаттанатын, тек өткен уақытта болған оқиғаларды ғана айтатын ахуал туындады. Бұдан басқа, бақылау нысандары мен зерттелетін мәселелер көбінесе

істің сыртқы көрінісін ғана бейнелейді. Сонымен қатар әлеуметтанулық зерттеулер стандартталған, біржақты сипатта болып, әлеуметтанудың белгілеген орны мен рөлі шеңберінде жүргізіледі. Осы кезеңде Түркияда әлеуметтану одан сайын артта қалады, себебі ол басқа елдерде таралған мәселелермен айналысуға ұмтылумен болады. Сонымен бірге, бұл мәселелердің зерттелуі белгілі бір пішінге ие болғандықтан, біздің пассивті бақылаушы рөліміз одан әрі күшейеді.

Әлемдегі бақыланып отырылған үдерістер және олармен байланысқан әлеуметтану жаңа өзгерістер кезеңінде тұр. Әлеуметтану ХІХ ғасырда Батыста бұқара халықтың қоғамдағы оқиғаларға әсер етуінің күшеюі нәтижесінде пайда болды. Ықпал ету мүмкіндігіне ие болумен қатар, болашақ өзгерістер осы әсердің негізінде анықталады деген үміт пайда болды. Әлеуметтану бұқара халықтың болашақты құрудағы көмекшісі және бағыттаушысы болатын зияткерлік бастау рөлін иемденді. Дегенмен, бүгінгі әлемде қазіргі тәртіп пен күштер теңгерімін түбегейлі өзгерту мүмкіндігіне деген үміт қалмады. Оның орнына, болашақ өзгерістер бұқара халықтың еркіне емес, белгілі бір топтардың қалауларына байланысты болады деген идея пайда болды және тарады. Бұл топтар болашақты анықтау мәртебесіне ие болғанымен, оны бұқара халықпен бөліскісі келмейді. Бұл оқиғалар, өз кезегінде қазіргі ықпалды топтардың әрекеттеріне әсер етіп, өзінің өмір сүруін жалғастыруға талпынған әлеуметтанудың имиджіне нұқсан келтіреді.

Алайда Түркияда әлеуметтану мол мүмкіндіктерге ие. Бұл жерде ол бастапқыда белгілі бір топтардың мүдделерін білдіріп, осылайша ықпал ету мәртебесіне жетуге тырысты. Түрік әлеуметтануындағы өзгерістер түбегейлі жаңалықтар әкелген жоқ, және ол өз еркімен ықпалды топтардың

мүдделерін білдіруді жалғастыруда. Әлеуметтану өз мәселелерін осы топтардың тар талаптарымен шектеп, дәстүрлі даму жолын жалғастырды. Сондықтан, тіпті аса түріктік мәселелерді қарастырған жағдайда да, шетел әдебиеттерін қолдану қажеттілігі туындады.

Жоғарыда айтылғандай осы кезеңнің ерекшелігіне орай жаңа мәселелердің туындауы байқалған 1970-жылдардың соңынан 1980-жылдардың басына дейін және бүгінгі күнге дейін әлеуметтанудың жаңа даму кезеңіне аяқ басқанның алғашқы белгілері көріне бастады. Жалпы барлық осы жаңа тақырыпқа тән белгілер көбінесе жаңа тәсілдермен шартталған. Сонымен бірге, зерттеу тақырыптары Батыс мәселелері шеңберімен шектелген жалпы сипаттамаларға ие болды. Кең таралған көзқарас бойынша, Батыстың негізгі мәселелерінің барлығы шешілген деп есептеледі, және олардың ешқайсысы түбегейлі сипатта емес. Осылайша, ықтимал мәселелерді терең зерттеу қажеттілігі жоққа шығарылады. Пікірталастарға арналған тақырыптар маңызды деп танылғанымен, олар көбінесе жекеленген оқиғаларға негізделді. Мұндай тәсілмен зерттеу үстірт сипатта болды, ол қандай да бір жеке құбылысты жалпы шолу және сипаттаумен шектелді. Осы зерттеулердің құндылығы олардың өзінде болды және осылайша бір-біріне сүйенетін зерттеулердің бір қатары жүргізілді. Оларда жанашылдық мүлдем жоқ еді. Бұл зерттеулерді жүргізу барысы бұрыннан зерттелген мәселелер үшін жетілдірілген түсіндіру үлгілерін іздеу және оларға әлеуметтанулық сипат берумен ғана қанағаттанылды.

Бұл жерде 1980-жылдардың басынан бастап бірқатар мәселелер өзекті бола бастағанын байқауға болады. Олардың арасында қоршаған орта, ислам жағдайы, гендерлік зерттеулер, отбасы мәселесі және, әрине, исламдағы әйелдер мәселесі бар. Бұл жерде алғашында бірден ойға келетін

тақырыптардың біразы ғана келтірілді. Бұл тақырыптардың қатарында коммуникация мәселесі де күн тәртібіне енді. Алайда, бұл мәселелердің кенеттен танымал болу себептерін талдамастан бұрын, олар тиісті назарға алынбағанын атап өткен жөн.

Хаяти Туфекчиоғлу осы мәселелердің бірі - коммуникация тақырыбын зерттейді. Ол бұл мәселені тек схема түрінде зерттеумен шектелмейді. Бір жағынан, бұл мәселелерге тым үлкен маңыз беру, ал екінші жағынан, оларды тек өз шеңберінде зерттеу үрдісі көптеген зерттеулерді схемалық сипатта болуға мәжбүр етті, ал Туфекчиоғлу осы шеңберден асып түсуге тырысады. Ол бірінші кезекте, осы зерттеулерді сынға алып, зерттеулерді жаңа деңгейге көтеруді ұсынады. Бұл мәселені зерделеуде жаңа тәсілдерді іздеу, оны тарихи қырынан зерттеу қажет деген ойға әкеледі. Тарихи бастауларды анықтау, қарастырылып отырған мәселені жете түсіну үшін қажетті фактор болып табылады. Бірақ, тарихи негіздерді зерттеу қажеттілігінің тағы бір түсіндірмесі бар. Ретроспективті талдау қазіргі жағдайдың өткен тарихи даму үдерісінің болмай қалмайтын нәтижесі емес екенін және қазіргі оқиғалар контекстінде тарихи үрдісті еңсеруге болатындығын көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі әлемдегі жағдайды ескере отырып, біздің амбициясыз қоғамымыз үшін өзгерістердің тарихи негіздеріне жүгіну ғана пайдалы болып қала береді деп тағы да атап көрсетеміз.

Мәселені тарихи болашаққа ретроспективті көшіру, бар тарихи білімдер мен тарихи үдерістің белгілі бір көрінісіне жаңа контексті енгізу емес. Мұндай тәсіл бізден тарихи оқиғаларды талдап, қазіргі үдерістерді түсіну үшін қажетті жаңа сабақ алуды талап етеді. Туфекчиоғлу дәл осы тәсілді қолданды. Бұл қарастырылып отырған мәселені әлеуметтанулық тәсілмен талдау болып табылады. Онымен

негізделген әлеуметтанулық дискурс бізге коммуникация мәселесін техникалық тұрғыдан емес, оның шынайы мәнін анықтау тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, жаңаша нәрселерді көру мүмкіндігі туындайды. Тарихтың берген жаңа сабақтары мен мәселені зерттеудің жаңартылған талдауы түрік әлеуметтануы үшін өте маңызды мүмкіндік болып табылады. Мұндай бағалау автордың тек түрік әлеуметтануы туралы ғана емес, сонымен қатар Түркияның қоғамдық өміріндегі маңызды оқиғалар туралы да айтары бар екенін көрсетеді. Кітап Түркияның адамзат тарихындағы орнын және елдің стратегиялық маңыздылығын баяндайды. Осы айтылғандардың барлығы бізге жаңашыл тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік бермесе, олардың өзектілігі туралы пікір айту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда әлеуметтану шешуші кезеңді өткеруде. Оның батыстық нұсқасы күн сайын өз өзектілігін жоғалтуда. Ол өз тартымдылығын жоғалтуымен қатар, бұрынғы ықпалынан да айрылуда. Сонымен қатар, түрік әлеуметтануына зерттеулерге жаңашылдық енгізуге ұмтылған жалынды жастар келуде. Осылайша, бұл кезең түрік әлеуметтануында жаңа тақырыптар үшін өте өнімді болды. Өткір пікірталас пен талқылаулар тудыратын тақырыптардың бірі – эмпирикалық әлеуметтану. Іс жүзінде Туфекчиоғлу зерттеуі қолданбалы әлеуметтануда үлгілі жұмыс деп танылады. Ол өз зерттеуіндегі өзекті мәселені негіздей отырып, нәтижесінде бірқатар қорытындылар жасайды. Бұл қорытындыларды күнделікті тәжірибеге енгізу мүмкіндігін ескере отырып, ұсынған позициясы пікірталасқа ашық болуы керек.

Әлеуметтанудың нысаны – қоғам және Батыста да әлеуметтану саяси партиялар мен кәсіподақ ұйымдарымен тығыз байланыста болады. Түркияда бұл жағдай байқалмайды.

## КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНА КІРІСПЕ

---

Сондықтан түрік әлеуметтанушылары саяси жауапкершілікті өздеріне жүктемей, таза ғылым үшін инновациялық тәсілдерді әзірлеуге ұмтылуда. Әрине, мамандарға алынған мәліметтерді қалай қолдануға болады деген сұрақты қоюға болады. Басқа жағынан алғанда, эмпирикалық зерттеулердің өзі де пікірталас тудыруы мүмкін. Бұл жерде біздің қайнар көздерді таңдау еркіндігіміздің бар екенін атап өткен жөн. Зерттеушіге шектеу қойылмаған жөн. Егер қолда бар деректер жеткіліксіз болса, жиналған эмпирикалық мәліметтер шын мәнінде бәсекеге қабілетсіз болады. Алайда, біздің елде эмпирикалық деректерді жалғыз мүмкін болатын дереккөз ретінде пайдалану үрдісі байқалуда. Бұл жағдайды тек қолданыстағы дереккөздерге сенімсіздік танытып, олардың жаңартылуын қажет деп санаған кезде ғана дұрыс деп қабылдауға болады. Алайда, мұндай позиция әзірше байқалмайды. Сонымен қатар, эмпирикалық материалдарды қайда және қалай қолдану қажеттілігіне қатысты маңызды аспектіні естен шығармау керек. Егер жұмыстың нәтижесінде алынған мәліметтер талданбаса және жарияланбаса, онда барлық күш-жігердің босқа кеткенін мойындауға тура келеді. Мысалы, Мумтаз Тұрханның «Мәдени өзгерістер» кітабы осындай жағдайды көрсетеді. Автор зерттеу барысында эмпирикалық материалды жинаса да, алынған нәтижелерді теориялық жұмыстарын растау үшін қолдануды қажет деп санамаған.

Жастар дұрыс бағытты ұстануда. Оқырмандардың қолдарындағы кітап Туфекчиоғлудың алғашқы еңбектерінің бірі. Мен осы жас зерттеушіден көп нәрсе күткен едім, және бұл жұмыс менің үмітімнің негізсіз еместігін көрсетті. Осы еңбек үшін оны құттықтауға мүмкіндік алғаным үшін өте қуаныштымын.

## КІРІСПЕ

Бұл жұмыста біз көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны болған және жан-жақты сипаттағы тақырыпты, яғни коммуникация мәселесінің әлеуметтанулық қырларын зерттейміз.

Коммуникация қазіргі уақытта өзекті және талқыланатын тақырыптардың бірі, әрі бұл сала көптеген ғажайып технологиялық инновацияларды өзінде жинақталуымен байланысты. Осы пікір сайыстарда коммуникация қазіргі қоғамды анықтайтын негізгі факторлардың бірі деген тоқтамға келуде.

Осы тұрғыдан алғанда, біз үшін бұл тақырып ерекше қызығушылық тудырады. Біз осы мәселенің әлеуметтанулық тұрғыдан маңыздылығы қоғамның негізгі параметрлерін сипаттауға және маңызды қорытындыларға келуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Алайда коммуникация мәселесінің өзектілігін мойындай отырып, біз коммуникацияға қазіргі қоғамды түсіндірудегі негізгі рөлді телудің қажеттілігіне күмәнмен қараймыз және олардың әсерінің дәрежесін қайта қарастырамыз.

Керісінше, біз қоғамдағы болып жатқан үдерістер қазіргі коммуникациялардың күйі мен формасын анықтайды деп есептейміз. Осылайша, бұл жұмыстың мақсаты – аталған мәселе бойынша пікір сайысқа қатысу.

Коммуникацияның әртүрлі анықтамалары бар екендігін атап өткен жөн. Біз «коммуникация» ұғымын «байланыс» ұғымының орнына қолданамыз, ал «байланыс» ұғымын әлеуметтанулық контексте сипаттай отырып жүйелі түрде құрылған қоғамдық институт ретінде зерттейтін боламыз.

Біз зерттейтін тақырыпты «қоғам – коммуникация» тұрғысында нақтылаймыз және мұндай бағытта зерттеу жүргізудің зерттеліп жатқан құбылысқа терең талдау жасауға мүмкіндік беретініне сенеміз. Сонымен қатар, коммуникация арқылы біз қоғамның құрылу принциптері мен даму жағдайларын айқынырақ анықтай аламыз.

Коммуникацияның ерекшеліктерін ескере отырып, бұл құбылысты тек оның өзіне тән ерекшеліктерін ескерусіз түсіну мүмкін емес. Коммуникация әрқашан қоғаммен үздіксіз байланыста болды және қазіргі уақытта өзектілігі дәл осы байланыстың арқасында сақталуда. Сондықтан зерттеу осы байланыс контексінде жүргізілуі тиіс. Бұл мәселенің әлеуметтану үшін өзектілігі тек осы тәсілде ғана.

Талдауға көшу алдында, біз бұл тақырып бойынша қолда бар әдебиеттерге шолу қажет деп санаймыз. Біз қайнар көздерді шолуда, зерттеліп жатқан құбылысқа қарама-қайшы анықтамаларды табуды мақсат етпейтіндігімізді атап өтеміз. Дегенмен, қолда бар дереккөздерді зерттеу, бізге олардың кемшіліктері мен шектеулілігін анықтауды ғана емес, сондай-ақ мәселені өзіндік тұрғыдан сипаттауға негіз болады. Сонымен бұрынғы көзқарастарды талдау біздің осы мәселені зерттеуге деген қызығушылығымыздың себептерін нақтырақ айқындауға көмектеседі.

Біз коммуникация теориясының негізгі сипаттамаларын және бұл саладағы соңғы жаңалықтарды түсіну үшін тек қазіргі жағдайды сипаттау ғана емес, сонымен қатар бұл құбылысты адамзат және қоғам тарихымен байланысы тұрғысынан талдау қажет деп санаймыз. Сондықтан біз осы құбылысты қоғаммен өзара байланысының бастауларынан бастап талқылауды мақсатымыз ретінде қоямыз және барлық қарастырылып отырған кезеңдер, соның ішінде қазіргі кезең үшін де өзекті қорытындыларға келуге тырысамыз. Жоғарыда

жалпы жоспармен сипатталған өз көзқарасымызды біз екінші тараудың басында «Қоғам және коммуникациялар» деп аталатын бөлімде нақтылаймыз.

Негізгі зерттеу екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда зерттеудің эволюциясы талданып сипатталады және осы тақырып бойынша жүргізілген зерттеулердің жалпы сипаттамасы беріледі. Содан кейін, біз қазіргі ғылыми бағыттардың тарихын және коммуникация теориясын қысқаша баяндап береміз.

Екінші тарау өз гипотезамызды және зерттеліп жатқан құбылысқа қатысты көзқарасымызды негіздеуге арналған. Таңдалған әдістің дұрыстығын дәлелдеу мақсатында біз коммуникациялардың дамуындағы түрлі тарихи кезеңдерді сипаттай отырып, оны сынақтан өткіземіз.

Соңында, біз осы тақырып жөніндегі пікірталасты ерекше көзқараспенталқылауға талпыныстар жасағанымызды аңғаруға болады. Коммуникация құбылысын зерттеу үшін, таңдалған тәсілдің аясында Байкан Сезердің теориялық жұмыстарын негіз ретінде пайдаландық. Зерттеу Байкан Сезермен бірлесіп жүргізілді және оның жүзеге асырылуы оның үлкен еңбегінің нәтижесі болып табылады.

## **КОММУНИКАЦИЯ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН ТЕОРИЯЛАРЫ**

Бұл бөлімде біз академиялық ғылымның осы мәселеге қызығушылығының себептеріне тоқталамыз. Адамзат қоғамының бастауынан бері коммуникация құбылысының тарихы өте ұзақ болғанымен, оны ғылыми әдіснамамен зерттеу тек соңғы уақыттарда басталды.

Сондықтан ең алдымен коммуникация саласындағы зерттеулердің қашан және қандай жағдайда басталғанын анықтап, оларға тән жалпы ерекшеліктерді анықтаудың маңызы зор. Осыдан кейін, мәтінде негізгі тұстарды тақырыпшалармен белгілеу арқылы біз осы теорияларды талдауға кірісеміз.

Жүргізілетін зерттеудің сұрақтар шеңберін, олардың өзектілігін, жалпы ерекшеліктерін және зерттеушілердің қорытындыларын сипаттай келе, алдымен коммуникация мәселесімен айналысқан академиялық орталықтардың тарихына қысқаша шолу жасау қажет. Егер белгілі бір уақытта осы мәселені зерттеуге арналған академиялық құрылымдар сұранысқа ие болып пайда болса, онда біздің зерттеуімізге олар жинаған ақпарат жақсы негіз бола алады.

Коммуникация мәселелерін зерттеу арнайы академиялық құрылымдар пайда болардан бұрын басталған. Бірінші қарағанда, зерттеулердің бастапқы кезеңінде қажетті құрылымдардың қалыптасып, тек содан кейін зерттеулердің жүргізілуі керек сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ іс жүзінде ғылыми зерттеулер академиялық құрылымдар құрылмай тұрып әртүрлі пәндік салаларда жүзеге асырылды.

Екінші қайшылықты сипаттаған ерекшелік – арнайы құрылымдар жинақтаған ақпараттың коммуникация құбылысы туралы кеңінен танылған түсініктер жүйесінде маңызды рөл атқармауы. Бұл қарама-қайшылықтың себебі – баспасөздің алғашқы зерттеулері академиялық сипатта емес еді. Осы құрылымдар ғылыми зерттеулер жүргізу және коммуникация мәселесін терең зерттеу мақсатында емес, басқа функцияларды орындау үшін құрылды (бұл туралы біз кейінірек сөз қозғаймыз).

Академиялық құрылымдардың айтарлықтай рөл атқармауының тағы бір себебі мәселенің пәнаралық сипатында. Коммуникация, ғылыми қауымдастық үшін салыстырмалы түрде жаңа зерттеу саласы болғанымен, оның әлеуметтік ғылымдар жүйесінде нақты қай жерде орналасуы туралы біртұтас пікір қалыптасқан жоқ. Коммуникация құбылысы антропология, әлеуметтану, лингвистика, психология, әлеуметтік психология, педагогика, құқықтану, экономика, менеджмент, саяси ғылымдар және тарих сияқты әртүрлі әлеуметтік ғылымдар зерттейді. Осы пәндер аясында жүргізілген тар шеңберлі пәндік зерттеулер нәтижесінде көптеген әртүрлі мәліметтер жинақталды.

Коммуникацияны зерттеу саласындағы ғылымдардың кең ауқымы өз кезегінде басқа бір мәселені де туындатады. Біріншіден, негізгі ұғымдар бойынша консенсус жоқ. Бірақ, консенсустың болмауын ескермеген жағдайдың өзінде, мәселенің пәнаралық сипаты әртүрлі үлгілер мен теорияларды емес, олардың қарама-қайшылықтарын тудыратыны байқауға болады. Қазіргі уақытта бұл салада көптеген өзгермелі теориялар мен үлгілер бар, сондықтан біз олардың әрқайсысын жалпы ерекшеліктеріне негізделген түрде жүйелеуге тырысамыз.

Коммуникацияны анықтау мәселесінде қарама-қайшылық та, консенсус та барлық зерттеулерде назар аударатын ең айқын мысал болып табылады. F. E. X. Dance 4 650 әртүрлі ғылым салалары мен әртүрлі авторлардан алынған түрлі анықтаманы жинағанын атап көрсетуге болады. Кейін ол бұл анықтамаларды 2 612-ге дейін қысқартып, соңында негізгі ұғымдардың мәні бойынша 15 негізгі анықтамаға тоқталады<sup>1</sup>.

Орхан Гекче басқа бір авторға сілтеме жасап, коммуникацияның 160 түрлі анықтамасы бар екенін көрсетеді<sup>2</sup>.

Көріп отырғанымыздай бұл құбылысты анықтауда кең ауқымды әртүрлі әдістер бар. Осынша көп әр түрлілікке байланысты қиындықты еңсеру кезеңін анықтап көрсетудің маңызы зор. Бұл жерде бәрінен бұрын зерттеулер жүргізілген кезеңді және олардың жүргізілуі кезінде болған жасырын қысымдарға көңіл аудару қажет, оларсыз жұмысқа баға беру қиын болады. Біз қысым туралы айтқан кезде осы тақырыпқа қызығушылықтың пайда болуына әсер еткен факторлар мен сол кезеңнің әлеуметтік жағдайлары деп түсінеміз. Біз белгілі бір уақыт кезеңінде әлеуметтік жағдайлар коммуникация мәселесін пәнаралық зерттеулер аясында жіктемелеуге және талдауға ықпал етті деп есептейміз. Бізге кезеңдік жағдайларды ескергенде әртүрлі үлгілерді түсіну, оларды жүйелеу және нақты қорытындылар жасау оңайырақ болады.

---

<sup>1</sup>F. E. X. Dance, The “Concept of Communication”, Journal of Communication, 20-том (1970), 201-210 бб. Осы дереккөзден алынған 15 анықтама туралы толығырақ қараңыз: Үнсал Оскай, «XIX ғасырдан бүгінгі күнге дейін коммуникацияның мәдени функциясының теориялық аспектісі», Анкара, Саяси ғылымдар факультеті, 1982, 309 б.

<sup>2</sup> Орхан Гекче, «Коммуникацияға кіріспе», Анкара, Турхан баспасы, 1993, 4-б.

## А. Коммуникациялар тарихы

Коммуникация тарихын және әртүрлі білім салаларында жасалған теориялар ды сипаттауға және түсіндіруге бағытталған бірқатарын атап өтуге болады<sup>1</sup>.

Осы тәсілдерді сипаттау мақсатында біз Коджа Юмлудің «Коммуникацияны зерттеу» атты еңбегіне жүгіндік<sup>2</sup>. Сонымен қатар, коммуникация зерттеулерінің тарихына қатысты екі негізгі жұмысты таңдадық. Біріншісі – түрік тіліне Рашид Кайа аударған Роббер Браунның зерттеуі «Коммуникация зерттеулерінің тарихы» атты еңбек<sup>3,4</sup>. Екіншісі – Зейнаб Алимдар мен Рашид Кайа түрік тіліне аударған Денис Маккуэйлдың<sup>5</sup> «Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері» деп аталатын еңбегі осы жинақта жарияланды<sup>6</sup>.

Ең алдымен, біз бұқаралық коммуникация ғылыми зерттеулердің объектісі бола бастаған кезеңге тән бірнеше маңызды сәттерді атап өтуді жөн көрдік. Бұл кезең ерекше, себебі ол коммуникацияға қатысты алғашқы академиялық зерттеулердің басталуымен және осы мәселеге байланысты үлгілер мен теориялардың жасалуымен ерекшеленеді.

---

<sup>1</sup> Түрік тіліне аударылған еңбектердің ішінде қараңыз: В. Дж. Северин және Джеймс В. Танкард, «Коммуникация теориясы: БАҚ-тағы бастаулар, әдіснама және қолдану». Түрік тіліне аударған Али Атыф,

<sup>2</sup> Коджа Юмлу, «Коммуникацияны зерттеу». Неша баспасы, Измир, 1990.

<sup>3</sup> Коркмаз Алемдар және Рашид Кайа, «Бұқаралық коммуникацияны зерттеудің негізгі тәсілдері», Саваш баспасы, Ыстамбұл, 1983, 21-43 бб.

<sup>4</sup> Koger L. Brown. Approaches to the Historical Development of Mass Media Studies. Media Sociology, Jeremy Tunstall (ed.) University of Illinois Press, 1970, 41-57 бб.

<sup>5</sup> Сонда, 45-83 бб.

<sup>6</sup> Denis McQuail, “The Influence and Effects of Mass Media”, Mass Media Communication and Society, James Curran, Michael Gurvitch and Janet Woolcott (ed.), Edward Arnold, London, 1979, 70-9466.

Аталған уақыт аралығы ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына, яғни қазіргі қоғам негіздерінің қалыптасу тарихында ерекше маңызы бар кезеңге жатады. Бұл кезеңге бұрқ еткен әлемдік соғыс айрықша әсер етті. Оның екінші ерекшелігі Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде екінші дүниежүзілік соғыс басталды, одан соң Қырғи қабақ соғыс кезеңі басталды. ХХ ғасырдың тағы бір маңызды оқиғасы – большевиктер революциясы болды. Содан кейін, Қызыл Әскердің тәжірибесін, Германия мен Венгриядағы оқиғаларды бақылауға болады. Германияда Гитлердің, Италияда Муссолинидің билікке келуі, көптеген елдерде тоталитарлық режимдердің орнауы біздің тақырыппен байланысты негізгі мәселелерді өзекті етті. Аталған саяси оқиғалармен қатар, коммуникация зерттеулеріне маңызды әсер еткен тағы бір оқиға – 1929 жылғы Экономикалық дағдарыс. Айтылғандардан байқағанымыздай, біздің тақырыптың өзекті кезеңі көптеген экономикалық және саяси дағдарыстар кезеңімен сәйкес келетінін көреміз.

Алайда, біздің тақырыпқа қызығушылыққа қарамастан, эмпирикалық әдістерді қолданатын зерттеулер тек 1930-жылдардың басында басталды, және бұл салада АҚШ жетекші орында болды. Коммуникацияны зерттеу ХХ ғасырдың басында, Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында басталды. Соғыстан кейін АҚШ-та алдымен соғыс кезеңіне қатысты зерттеулер, содан кейін радио аясындағы зерттеулер, одан әрі теледидардың таралуы мен қолданылуына қатысты зерттеулер жүргізілді, сондай-ақ үгіт-насихаттық науқандардың әсерін зерттеуге талпыныстар болды. Сонымен қатар, фильмдер мен кітаптардың жастарға және тұтынушыларға әсерін зерттейтін арнайы зерттеу орталықтарына сұраныс пайда болды<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Алимдар Кайа, сонда, 3-4 бб.

Коммуникация тарихын қарастыруда көзқарастардың бірлігін байқататын маңызды бір сәтті атап өту керек, бұл – БАҚ-тың қоғамға әсер ету күшіне деген кең тараған сенім.

Коммуникация мәселесін зерттеу тарихы үш кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыруда, күнделікті өмірді өзгертуге, адамдардың таңдауларына әсер етуге және саяси режимдерді орнату (немесе нығайту) барысында елеулі кедергілерге қарамастан үлкен рөл атқаратыны қарастырылды<sup>1</sup>.

Бұл БАҚ бұқараны алдап-арбап басқарудың қуатты құралы деген сенім орныққан кезең болды. Сондықтан, билік әсіресе тоталитарлық режимдер кезінде барлық күшімен БАҚ-ына жүгініп, үгіт жүргізу мақсатында саяси кампанияларда қолданды.

Екінші кезең 1940-жылдардан бастап, әлеуметтануда функционализмнің үстемдік еткен кезеңімен сәйкес келеді. Осы кезеңде БАҚ-ның жеке адамдардың мінез-құлқына әсерін өлшеуге бағытталған эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер БАҚ-ның адам мінез-құлқына әсер ету деңгейі туралы бұрынғы жоғары бағаланған түсініктер мен гипотезаларды негізінен теріске шығарды.

Үшінші кезең 1960-жылдардан басталады және бұл кезеңде алдыңғы кезеңдердің қорытындыларына сын айтылды. Бұнда мәселені зерттеуде әлеуметтік және талдау тәсілдері басым болды. Соңында, 1980-жылдары бұрынғы пікірлерге қайта оралып, БАҚ-ның адамдардың мінез-құлқына жоғары деңгейде әсер ететіні туралы пікір қайтадан кең тарала бастады. Коммуникацияны зерттеудің бірінші кезеңде, әсіресе XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін, БАҚ-ның бұқараға үлкен ықпал ететіні туралы түсінік басым болды.

---

<sup>1</sup> McQuail, сонда, 48 б.

1920-жылдары жарық көрген кітаптар Бірінші дүниежүзілік соғыс және оның кейінгі кезеңінде үгіт-насихаттың зор әсерін сезіне жарияланды және осы үгіт-насихат науқандарын күшті державалардың жүзеге асырғанын баяндайды. Бұл кезеңдегі еске түсетін жұмыстардың бірі ретінде Липпманның «Қоғамдық пікір» атты кітабын атап өтуге болады<sup>1</sup>.

Липпманн өзінің «Санадағы бейнелер жөнінде» теориясының контекстінде біздің назарымызды БАҚ-ның ғажайып күші мен әсеріне аударады.

Тағы бір маңызды еңбек – Лассвелдің «Дүниежүзілік соғыстағы үгіт-насихат әдістері» деп аталатын кітабы<sup>2</sup>. Лассвел өзінің жүйелендірілген зерттеуінде, соғыс кезеңіндегі Англия, Франция, АҚШ және Германияда қолданылған үгіт-насихат технологияларын әскери іс-қимылдарды жүргізу тәжірибесіне сүйене отырып сипаттайды. Бұл саладағы тағы бір типтік зерттеу – А. Ж. Маккензидің белгілі жұмысы<sup>3</sup>.

Коммуникация зерттеулеріндегі үгіт-насихат мәселесі, Екінші дүниежүзілік соғыс және Қырғи қабақ соғыс кезеңіндегі жағдайларды ескере отырып, өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Мұнда Гитлердің билік құрған жылдарындағы үгіт-насихат саласындағы әсіресе Геббельстің жетістіктерін еске түсіру керек. Геббельс үгіт-насихатты бұқара халықты бағыттау үшін қару ретінде пайдаланды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейін үгіт-насихаттың күшіне деген сенімнің кең таралғанын дәлелдейтін бірнеше басқа да белгілер бар. Германиядағы ұлтшылдардың билікке келуі және елді бақылауға алуы олардың үгіт-насихат машиналарын халыққа

---

<sup>1</sup> Lippmann, Public Opinion, New York, 1922.

<sup>2</sup> Harold D. Lasswell, Propaganda Technique in the World War, New-York, 1927

<sup>3</sup> A. J. Mackenzie, Propaganda Boom, London, Right Book Club, 1938

билік жүргізуде тиімді қолдануымен байланыстырылады, ал Кеңес Одағындағы Сталиндік гегемония мен оның әсерінің кенеюі де үгіт-насихаттың күшіне тікелей байланысты деп қарастыруға болады. Осылайша, тоталитарлық режимдер мен үгіт-насихат арасында өте күшті байланыс орнайды, және бұл режимдер ішкі үгіт-насихат арқылы табысты болуымен қатар халықаралық үгіт-насихат әсерін алуы бұл зерттеулерді алдыңғы қатарға шығарады<sup>1</sup>.

Үгіт-насихаттың күшті әсері қалыптасқан кезеңде БАҚ негізгі табысқа жетудің және ықпал етудің басты тірегі ретінде қабылданды, және осы құралдар мақсаттарға жету үшін тікелей жауапты болды<sup>2</sup>.

Сонымен, осы кезеңде БАҚ-ның ғажайып және даусыз күшіне деген сенім «үгіт-насихатқа жауапты шенеуніктер, түрлі елдердің тоталитарлы көсемдері, газет иелері мен жарнама дилерлері, сондай-ақ қалыптасқан жағдайда бәріне бірден-бір дұрыс көзқарас деп қабылданды<sup>3</sup>.

Сол кезеңде радионы пайдалану ең тиімді болды. Геббельстің есімі радио хабарларымен сәйкестендіріліп, оның тірідей көрінісі ретінде қабылданды. Радионың сол кездегі әсерін көрсететін тағы бір мысал – 1938 жылы Герберт Уэллстің «Соғыс және бейбітшілік» радио пьесасының қойылуы. Бұл хабардың эфирге шығуынан кейін дүрбелең басталып, адамдар жаппай көшеге шықты, себебі радиодан Марс тұрғындарының Жерді басып алғаны туралы ақпарат таратылды.

Үгіт-насихаттың және БАҚ-ның зор күшіне деген сенім кейінгі жылдары тоталитарлық режимдермен күрес-те және үгіт-насихатқа қарсы кампанияларда дәл сол

---

<sup>1</sup> Brown, сонда, 27 б.

<sup>2</sup> Коркмаз Алимдар, Рашид Кая, сонда, 8 б.

<sup>3</sup> McQuail, сонда, 49 б.

технологиялардың қолданылуына әкелді. Демократиялық режимдердің тоталитарлық режимдерге қарсы табысты болуы үшін жағдайлардың өзгеруімен, демократиялық құндылықтарды қорғауда «барлық БАҚ-ның қатысуы тиіс» деген мәселе ерекше маңызға ие болды<sup>1</sup>.

Коммуникация мен БАҚ-ның бұқара халықты басқарудағы әлеуеті осы контексте басты назардағы объекті болса, жетілдірілген жүйелі зерттеулер жүргізуге қызмет етеді.

«Әсіресе екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жүргізілген эмпирикалық зерттеулер, алға қойған мақсаттарға жетуде бұл құралдарды дұрыс қолданудың жолдары екендігін көрсетеді. БАҚ-тың әділетті мақсаттарда қолданылу жағдайында олар арқылы қызмет көрсету жолдары да сипатталған»<sup>2</sup>.

Сол кезеңде радиомен қатар теледидар да кеңінен қолданыла бастады. Экономикалық және саяси дағдарыстарды жеңу жылдарында, көрінетін тұрақтылық кезеңінде «нақты теңгерімді орнатуда БАҚ-қа да белгілі бір рөл берілді»<sup>3</sup>. БАҚ-ның қызметінен максималды пайда алу үшін әсер ету механизмдерін жетілдіруге бағытталған зерттеулер жүргізілді. 1930-жылдардан кейін жүргізілген эмпирикалық зерттеулер үгіт-насихат әзірлеуге тартылған әскери мамандар мен шенеуніктер, саяси партиялар мен педагогтардың назарын аударды<sup>4</sup>.

Зерттеулерді жүргізуге себеп болатын және коммуникацияны зерттеуге бағыттайтын басқа да бірқатар ниеттер бар. Сол ниеттердің бірі – «БАҚ индустриясының, әсіресе жарнама саласындағы қажеттіліктерінің өсуі мен оның ықпалын кеңейту»<sup>5</sup>.

---

<sup>1</sup> Коркмаз Алимдар, Пашид Кая, сонда, 8 б.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда.

<sup>4</sup> Brown, сонда, 37 б.

<sup>5</sup> McQuail, сонда, 48 б.

БАҚ индустриясының дамуымен оның иелері көрермен аудиториясының құрамына деген қызығушылықты арттырды. Жарнаманың көрермендерге әсерін болжауға ұмтылу, жарнама дилерлерінің осы зерттеулерге назар аударуына себеп болды. Браунның атап өткеніндей, осы контексте, БАҚ индустриясы мен басқа да пайдаланушылардың қажеттілігіне жауап беретін зерттеулер басты орынға шықты<sup>1</sup>.

Осы айтылғандардан, бұл зерттеулердің күнделікті мәселелерді түсіндіруге бағытталған үздіксіз күш-жігердің нәтижесі екендігін атап көрсетуге болады. «Бұл зерттеулер әлеуметтік мәселелерге және БАҚ өндірушілерінің практикалық сұраныстарына жауап ретінде жүргізілді. Олар белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе агрессия, түрлі қылмыстар, мәдени және моральдық деградация сияқты зиянды үрдістерді болдырмау үшін, сондай-ақ БАҚ-ын миды айналдыру мен идеологиялық өңдеу үшін қолдану мақсатында жасалды. БАҚ-ның басқа салаларға әсері, көп жағдайда, мұқият талданбады»<sup>2</sup>.

Қысқаша айтқанда, барлық зерттеушілер екінші кезең деп атайтын уақыт ішінде жүргізілген коммуникацияның сансыз эмпирикалық зерттеулері «ақпаратты қабылдаудағы мінез-құлықтағы өзгерістерді өлшеуді» мақсат етті<sup>3</sup>.

Осыған байланысты, эмпирикалық зерттеулер мен техникалық өлшеу құралдарына көп көңіл бөлінді. Маккуэйдің атап өткеніндей, екінші кезең АҚШ-да коммуникация зерттеулерінің дамуымен, сондай-ақ коммуникацияның әсері және осы әсерге байланысты мәселелерді зерттеуде эмпирикалық әдістердің енгізілуімен сипатталды<sup>4</sup>.

---

<sup>1</sup> Brown, сонда, 21 б.

<sup>2</sup> McQuail, сонда, 48 б.

<sup>3</sup> Brown, 37 б.

<sup>4</sup> McQuail, 49 б.

Тіпті зерттеулерді жүргізу кезінде болған қысымды елемегенде, олардың нәтижелері таңқаларлықтай болатын еді. Алғашында БАҚ-ның әсер ету күші айтарлықтай деген нұсқа болғанмен, кейінгі зерттеулер олардың әсерінің мәні аз және шектеулі екенін көрсетті.

Енді БАҚ-ры әсерінің шектеулі екендігі туралы үрдіс басымдық таныта бастады, оның бастаулары П. Лазарсфельд, Бернард Берелсон және Карл И. Ховландтың зерттеулерімен байланыстырылады.

Лазарсфельдтің 1940 және 1948 жылдардағы президенттік сайлауларды зерттеуі БАҚ-тың сайлаушылардың мінез-құлқына ықпалының шектеулі екенін және олардың тек сайлаушылардың санасында бұрыннан бар идеяларды бекітетінін көрсетті<sup>1</sup>.

Осыған ұқсас нәтижелер Берелсон мен оның командасының жүргізген өте маңызды зерттеулерінде де алынған болатын<sup>2</sup>. Бұл нәтижелер Ховланд пен оның тобы жүргізген фильмдердегі индоктринация және американдық әскери қызметкерлерді даярлау жөніндегі зерттеулерде де расталды<sup>3</sup>.

Карл Ховланд пен оның әріптестері 1949 жылы мыңдаған американдық әскери қызметкерлерді қамтыған бірнеше эмпирикалық зерттеу жүргізді, олар Йель зерттеулері деп аталды. Бұл зерттеулердің барысында үгіт-насихат фильмдерінің әскери қызметкерлердің оқу кезеңінде дұрыс бағыт алуға және қызметке тез бейімделуге көмектесуі

---

<sup>1</sup> P. F. Lazarsfeld, B., Berelson and H., Gaudet, *The people's Choice*. Columbia University Press, 1944

<sup>2</sup> B., Berelson, P. F. Lazarsfeld, and W., McPhee, *Voting*, University of Chicago Press, 1954

<sup>3</sup> C. I., Hovland, A., Lumsdain and F. Sheffield, *Experiments in Mass Communication*, Princeton University Press, 1950

тиіс ақпараттық ағыммен қамтамасыз ететін фильмдердің күтілгендей әсер етпейтіндігі анықталды.

Минималды ықпал ету теориясы негізінен Джозеф Т. Клаппердің атымен байланысты<sup>1</sup>. Клаппердің әйгілі қорытындысы бойынша, «көрермендерді көптеп тарту мүмкіндігі БАҚ-тың әсерін толық түсіндіруге жеткіліксіз, себебі бұл жағдайда басқа факторлар да рөл атқарады», - деген тұжырым екінші кезеңнің зерттеу нәтижелерін қорытындылаудың өте сәтті мысалы болып табылады<sup>2</sup>.

Үшінші кезең, көптеген зерттеушілердің пікірінше, 1960-жылдардың соңынан басталады және бұл алдыңғы кезеңде қалыптасқан дәстүрлер, яғни БАҚ-тың қысқа мерзімді әсерін эмпирикалық зерттеулер арқылы өлшеу әдісі сынға алынған. Бұл кезеңде БАҚ-ның әлеуметтік функцияларын зерттеуге баса назар аудару үрдісі пайда болды. Эмпирикалық және мінез-құлықтық тәсілдер өз орнын сыншылдық және әлеуметтанулық тәсілдерге берді<sup>3</sup>. Маккуэйлдің пікірінше, бұл кезеңде БАҚ-ның әсер ету мәселесі қайтадан өзектіленіп, әсіресе теледидар мен газеттердің әсері қайта қаралып жатқанын, олардың ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалғанын, айтарлықтай өзгерген контексте зерттеліп жатқанын атап көрсетті. Ол бұл тұжырымды бірнеше мысалмен суреттейді<sup>4</sup>.

Барлық осы зерттеулерге қарамастан, Маккуэйл осы кезеңде БАҚ-тың қоғамға әсері қайтадан әлеуметтік ғылымдардың зерттеу объектісіне айналғанын байқайды және БАҚ-тың әсер ету күшімен байланысты әртүрлі

---

<sup>1</sup> Клаппердің “The Effects of Mass Communications” (Нью-Йорк: The Free Press, 1960) зерттеуінде сол кезеңде жүргізілген зерттеулерде бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалының төмендігі туралы тезис келтірілді.

<sup>2</sup> McQuail, сонда, 50 б.

<sup>3</sup> Юмлу, сонда, 53 б.

<sup>4</sup> McQuail, сонда, 50 б.

қырлары жеткілікті зерттелмегенін, қазіргі уақытта әлі де бастапқы кезеңде екенімізді атап көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, коммуникацияларды зерттеу саласында бірқатар шектеулер бар. Соңғы жылдары осы салада жүргізілген зерттеулер үлкен сынға ұшырады. Біз бұл жерде тек осы сынға тоқталып, зерттеулердің жеткіліксіздігі туралы өз пікірімізді білдіреміз.

Коммуникация зерттеулерінің шеңберін анықтаған қажеттіліктер осы мәселені әлеуметтік қатынастарды тарихи болашағы контекстінде қарастыру мүмкіндігін шектеді. Нәтижесінде, теориялық зерттеулерге аз көңіл бөлінгендіктен, бір-бірімен байланыссыз жеке күнделікті мәселелерді зерттеумен айналысатын эмпирикалық зерттеулер таралды.

Осыған байланысты, Рожер Браунның (Roger Brown) жасаған бірнеше сын-пікірлерді атап өту қажет. Браун осы зерттеулердің қоғамдағы маңызды мәселелермен байланыспайтынын және оларды тек теориялық деп сипаттай отырып, зерттеу аясын қалыптастырудағы әлеуметтік қысымның сапасы мен тиімділігіне назар аударады<sup>1</sup>.

Ол коммуникациямен байланысты теориялық зерттеулердің жеткіліксіздігіне назар аудара отырып, «ең алдымен, эмпирикалық технологиялардың дамуы бұл салада теорияның қалыптасуына кедергі келтіретінін» атап көрсетеді<sup>2</sup>.

Оның пікірінше, зерттеу әдісін таңдауға әсер ететін факторлардың бірі — академиялық орта, әсіресе университеттердің даму формасы, табыстың көрсеткіші ретінде жарияланымдардың санын есептейтін академиялық зерттеушілер<sup>3</sup>, осы салада даңққа жетудің жолы әдістемелерді жетілдіруге арналған жұмыстар арқылы өтетінін байқады<sup>4</sup>.

---

<sup>1</sup> Браун, сонда, 216.

<sup>2</sup> Сонда, 31 б.

<sup>3</sup> Сонда, 32 б.

<sup>4</sup> Сонда, 31 б.

Браунның пікірінше, «осындай зерттеулер жиі өзіндік мақсат болып, ең маңыздысы, әдістемелік тұрғыдан мінсіз болғанымен, олар шағын, өз-өзіне жеткілікті арнайы жобаларға айналады, араларын біріктіруге тырысқанмен, байланыс табу мүмкін емес»<sup>1</sup>.

«Қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылған зертханалық жұмыстардың таңдаулы жобалары» осындай зерттеулердің мысалы болып табылады<sup>2</sup>.

Браун зерттеушілерді теориялық зерттеулерде эмпирикалық технологияларды қолдануға итермелейтін тағы бір маңызды себепті атап көрсетеді: «Академиялық зерттеушілер коммуникация индустриясының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұғымдық негіздерді анықтаудың орнына, олар әдіснаманы жетілдірумен шұғылданды»<sup>3</sup>. Сондай-ақ, «социологиялық зерттеушілердің эмпирикалық деректер жинауға бағытталған күш-жігерін жақсы түсіну үшін, БАҚ-тың үлкен қаржылық мүмкіндіктері мен зерттеулерге тапсырыстар беруі маңызды екенін ескеру керек»<sup>4</sup>.

Бір маңызды ерекшеліктердің бірі ретіндегі коммуникация зерттеулерінің жалпы қасиетін сипаттауға тырысатын болсақ, онда коммуникацияның мәнін теориялық зерттеудің назардан тыс қалуын атап өткен жөн. Бұл дерек кейде қызықты талдау объектісіне айналады: «Маклахан (McLuhan) сияқты мистикалық тұлғаларға, назар аудару тек қарапайым адамдар емес, теориялық зерттеулердің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты»<sup>5</sup>.

Біз барлық түрлі көзқарастарға қарамастан бұл зерттеулердің шектеулі екендігін атап өтуіміз керек. Мәселе,

---

<sup>1</sup> Сонда, 31 б.

<sup>2</sup> Сонда, 32 б.

<sup>3</sup> Сонда, 33 б.

<sup>4</sup> Сонда, 35 б.

<sup>5</sup> Сонда, 39 б.

әсіресе екі дүниежүзілік соғыс арасындағы кезеңде Батыста академиялық салада өзекті болды. Біз бұл мәселенің тарихын адамзат өркениетінің бастауынан бастап қарастыруға болатындығын айттық. Осылайша, коммуникацияның ұзақ тарихын ескеретін болсақ, бұл әлеуметтік құбылыс ғылыми зерттеудің жаңа тақырыбы болатыны сөзсіз.

Осыдан біз басқаша қорытынды шығарамыз. Бұл әлеуметтік зерттеулерде жаңа тақырып болып саналса да, БАҚ-ның жаңа түрлері мен олардың әсері зерттелгенімен, мәселенің мәні мен тарихи тамырлары жеткілікті назарға алынбағаны көрінеді. Коммуникация қазіргі жағдайында ғана қарастырылып, оның тарихи контексті ескерілмей келеді. Осылайша, коммуникация жаңа құбылыс ретінде қарастырылып, соңғы уақыттары анықталған ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінуде. Мұндай жағдайда зерттеулердің жалпы көрінісі анықталса да, коммуникацияның тарихи контекстіндегі ерекшеліктерін түсіну мен анықтау өте қиын болып отыр.

Қазіргі жағдайда коммуникация жаңа құбылыс ретінде қабылданады және негізінен оның қазіргі күйі мен соңғы уақытта алға шыққан бағыттар тұрғысынан анықталады. Нақ осы жағдай өткен кезеңдердің ерекшеліктерін сипаттау мен зерттеуде қиындық туғызады.

Коммуникация нақты бір кезеңнің нәтижесі ретінде, әлеуметтік ғылымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Сондықтан, коммуникация теориялары мен үлгілерінің осы кезеңнің ерекшеліктерімен шартталмағанын негіздей алмаймыз. Мұндай жағдай бастапқы кезеңнің өзінде коммуникацияның анықтамасын және осы мәселені кең ауқымда зерттеуді қиындататын шектеуші факторға айналды.

Біз коммуникация мәселесінің нақты тарихи кезеңнің нәтижесі екенін атап өткен едік. Бұл зерттеулердің негізінде

әскери және саяси сұраныстар жатыр. Егер зерттеулердің алғашқы кезеңінде мұндай жағдай байқалса, кейінірек коммерциялық қызығушылықтың тұрақты түрде артуын көруге болады. Осы салада көшбасшы ел АҚШ-та эмпирикалық зерттеулердің көпшілігі әскери білім беру және ақпарат департаменті арқылы жүргізілгені мәселенің осы жағын көрсетеді<sup>1</sup>.

Коммуникация мәселесі ХХ ғасырдың басында өзекте-не бастады. Бұл кезең ерекше маңызды және көрсеткіштік құбылыстармен сипатталады. Бұл құбылыстардың жалпы ерекшелігі, оның саяси құрамдас бөлігімен қатар, бұқара халықты қызықтырған аспектілерін қамтуында. Бұқара халық маңызды қоғамдық, саяси және әскери оқиғаларға немесе осы құбылыстардың саяси контекстіне тікелей қатысты. Бұқара халықты ақылмен басқару, бақылау және тіпті манипуляциялау көзделді. Сондықтан, баспасөзбен қатар, осы кезеңде халыққа кеңінен қолжетімді жаңа сапалы бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе радио мен теледидар дамып, коммуникация ғылыми қызығушылықтар мен зерттеулердің саласына айналды.

Мұндай әскери және саяси алаңдаушылықтар үшін заңды себептер бар. Біз бұған дейін бұл мәселенің Бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде өзекті болғанын көрсеткен болатынбыз. Бұл соғыстың ерекшелігі бұқара халықтың қатысуында болды. Осы соғысты әлемдік деп сипаттаудың себебі – алғаш рет жанжалдың осындай көп тараптардың қатысуымен өткендігі. Сонымен қатар, соғыс 4 жылға созылды және оған өте көп бұқара халық қатысты.

Осы ерекшеліктер миллиондаған адамдарға, тек фронттағы әскери әрекеттерге қатысушыларға ғана емес, сонымен қатар фабрикалар мен зауыттардағы жұмысшыларға

---

<sup>1</sup> Brown, сонда, 29 б.

да қатаң бақылау жүргізу қажеттілігін алға тартты. Осы оқиғаларға бұқара халықтың жаппай қатысуы және оларға бақылау жүргізу қажеттілігі жаңа ақпарат құралдарының пайда болуына әкелді.

БАҚ саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізілген сол кезеңдегі тағы бір маңызды ерекшелікті ескерген жөн. ХХ ғасырдың басындағы бірқатар оқиғалар бұқара халықтың үлкен тобырын басқару мүмкіндігін және осы салада қажетті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін көрсетті.

Мұнда Ресейдегі большевиктер қозғалысынан бастап Германия мен Венгриядағы жаппай халықтық қозғалыстарға дейінгі жағдайлар қарастырылып отыр. Германия Спартак қозғалысын бастан кешірді. Спартак қозғалысы – Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германияда белсенді болған көтерілісшілердің қозғалысы, бірақ бұл көтеріліс басылып, күйреді. Венгрия да саяси қақтығыстар мен өзгерістер кезеңін бастан өткізді.

Осы кезеңнің ең маңызды саяси қозғалысы Ресейдегі большевиктер революциясы болды. Бұл революцияның ерекше белгілері оған тек бұқара халықтың жаппай қатысуы ғана емес, сонымен қатар бұқара халықты басқару арқылы олардың энергиясын қажетті арнаға бағыттау мүмкіндігі де атап өтілді. Бұл революция соғыстың нәтижесі болып табылады. Революция жетекшілері өз әрекеттерін белсенді насихаттау арқылы, көтерілістің ең ауыр кезеңінде патша әскерлерін майдан алаңынан аластататын жағдайды жасай алды. Большевиктердің фронттағы белсенді насихаттық науқаны әскери әрекеттер алаңындағы күштер тепе-теңдігін өзгертіп, патша режимін жоюда маңызды рөл атқарды. Большевиктердің жұмысшылар мен солдаттарға бағытталған насихаттық әдістері ерекше табысты болды. Большевиктер революциясының маңызды ерекшелігі – бұқара халықты

алаңға шығару ғана емес, сонымен қатар олардың энергиясын нақты мақсаттарға бағыттау болды.

Большевиктер партиясы тек саяси басқару органы ғана емес, сонымен қатар бұқара халықты бақылауға бағытталған насихат құралына айналды. Бұқара халықтың жаңа режимді қабылдау қажеттілігі большевиктерді бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді түрде пайдалануға мәжбүр етті.

Бұл тәжірибедегі басқа маңызды құбылыс – Қызыл әскер болды. Қазан төңкерісінен кейін Троцкий құрған бұл әскер тез арада шаруалар мен жұмысшыларды оқытуға негізделді. Әскерді құрған адамның халық комиссары атағына ие болуы большевиктердің қоғамды әскери ұйымға ұйыстыруға үлкен көңіл бөлгендігін көрсетеді. Троцкий әскерді құру барысында патша офицерлерінің тәжірибесін пайдаланды. Қызықтысы, аздаған офицерлерден басқалары жаңа режимге жоғары деңгейде адал екендіктерін көрсетті. Қызыл әскердің жетістіктері комиссарлар институтының арқасында мүмкін болды, олар офицерлерді қатал бақылауда ұстады және қатардағы сарбаздар арасында белсенді насихат жүргізді. бұқара халықты идеологиялық рухтандыру және бақылауға ерекше көңіл бөлу, тіпті Азаматтық соғыс кезінде де, армия мен идеологиялық институттарды біріктіруге арналған мақсатты әрекеттерді көрсетеді.

Большевиктер жаңа режимді насихаттау және оны халық арасында орнықтыру үшін киноны кеңінен қолданды. Кеңестік кино большевиктердің билігін халық арасында заңдастыру рөлін атқарды. Сонымен қатар, кино бұқара халықты бақылау және бағыттау функцияларын да өзіне жүктеді. Кеңестік билік кезінде кинотеатрлар шіркеу мен қоғамдық үйлердің орнын басып, жаңа көзқарастар жүйесін қалыптастыратын қоғамдық алаңға айналдыру қажет деген тезис алға тартылды. «Троцкий кинотеатрлар жаңа режимнің

шіркеу мен алкогольдің адамдардың ой-санасына теріс әсерін жеңуде маңызды құрал деген пікірді ұстанды»<sup>1</sup>.

Кино арқылы «кеңестік адамның» жаңа бірегейлігін орнықтыру бағдарламасы жүзеге асырылды, бұл жаңа адамды бұрынғы қоғамға тән орындардан, атап айтқанда қоғамдық үйлер мен шіркеулерден алыстату арқылы жүзеге асырылды. Басқаша айтқанда, кино КСРО-да бұқара халықты қалыптастыру мен үгіт-насихаттың маңызды бөлігіне айналды.

Гитлер, Геббельс және Сталин сияқты диктатура лидерлері киноны тек үгіт-насихат құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпараттық ресурс ретінде де пайдаланды. Фашистік Германия лидерлері мен Сталиндік Ресей көрнекі және дыбыстық БАҚ-рын әлемге өздерінде концлагерлердің жоқтығын көрсету және халықтың осы режимдерге адалдығын дәлелдеу үшін қолданды. Кино, сондай-ақ, АҚШ пен КСРО арасындағы идеологиялық бәсекелестік кезінде, екі дүниежүзілік соғыстың аралығында және әсіресе 1945 жылдан кейін маңызды идеологиялық ресурсқа айналды. Осылайша, киноматография қоғамдағы процестерді басқару құралы ғана емес, сондай-ақ әртүрлі қоғамдар арасындағы қарым-қатынастарды бағыттау құралы ретінде де қабылданды.

Сталин кеңестік типтегі адамды қалыптастырудағы бұқаралық ағартудың күшін байқады. Осы мақсатта Кеңес Одағында фашистік Германия сияқты арнайы мектептерде жүз мыңдаған үгітшілер мен насихатшылар тәрбиеленді<sup>2</sup>. Олар тек фабрикалар мен зауыттарға, олардың өнімділігін арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар қалалар мен ауылдарға, жастар арасында мәдениет, білім және спорт саласында

---

<sup>1</sup> Ферро М. Кино и история, Кесит, Ыстамбұл, 1995, 119 б.

<sup>2</sup> 1937 жылы АҚШ-та үгіт-насихатты талдау институты құрылды. Қараңыз: Северин, Танкард, сол дереккөз, 157 б.

насихат жүргізуге көптеп тартылды «Жас коммунистер жедел топтарға ұйымдасып қысқа уақытқа әскерилер арасына және ауылдарға барып, түрлі ойындар, концерттер және саяси диспуттар өткізді. Осылайша, баспасөз, театр, кино, өңірлік және фабрика газеттері, конференциялар, көрсетілімдер және т.б. арқылы елдің ең шалғай аймақтарына дейін жететін ұзын тізбек қалыптасты»<sup>1</sup>.

Бұл кезеңнің тағы бір маңызды құбылысы – бұқара халықтың күш пен ықпалға ие болғандығының белгісі ретінде олардың өндірістегі қызметін белгілі бір салаларға бағыттау. АҚШ-та, төменде сипаттайтынымыздай, бұл құбылыс басқаша контексте көрініс тапты. Сталин билік құрған жылдары Ресейде кең ауқымды өнеркәсіптік дағбырт басталды. Индустриализацияландыру бұқара халықты сауаттандыру қажеттілігін арттырды, бұл өз кезегінде білікті кадрлық әлеуетті, кейіннен оны өндіріске тарту мақсатында қалыптастыруды талап етті. Кеңестік фабрикалар жүйесі Фордизм принциптері бойынша құрылды. Осы принципке сәйкес, жұмысшылар өндірістің өнімділігін арттыру мақсатында механикалық орындаушыларға айналдырылды, ал «өнімділік» құбылысы мифологияланды. Осылайша, бұқара халықтың күшін өндіріс саласына көшіру әрекеті жасалды.

Қорытындылай келе, 1930-жылдардан бастап бұқара халықты белгілі бір саяси мақсаттар үшін жұмылдыру үлкен маңызға ие болды деп айтуға болады. Мұндай жағдай өз әсерін сақтап, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де жалғасты. Гитлер мен оның шенеуніктері үгіт-насихат әдістерін сәтті пайдаланып, билікке келген жағдайда әр неміс әйеліне бір күйеуден болатынына уәде етті. Германиядағы фашистік режимнің жетекшілерінің бірі Геббельс, осы салада ең

<sup>1</sup> Жан-Мари Доменаш, «Саясат және насихат», аударған Тахсин Юджень, Варлык баспасы, Ыстамбұл, 1969, 36 б.

белсенді қызметкері болды. Сондай-ақ, өте тиімді журналист және жақсы насихатшы ретінде танымал болған Италиядағы фашистік лидер Муссолиниді де еске түсірген жөн.

Коммуникация саласындағы үдерістерді демеуші тағы бір маңызды оқиға 1929 жылғы дағдарыс болды. Бұл дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, екі дүниежүзілік соғыс аралығында орын алған, көптеген оқиғаларды қозғауға түрткі болған құбылыс. АҚШ-та басталған дағдарыс әлем бойынша таралып, қор биржасы, банктік жүйе және сауда сияқты экономика салаларын ауыртпалыққа ұшыратты, бұл өз кезегінде жаппай жұмыссыздыққа алып келді.

XX ғасырдағы бұл оқиға капиталистік жүйе үшін ең ауыр соққыға айналды. Дағдарысты жеңу мақсатында АҚШ басқа елдермен бірге бұрын-соңды болмаған шараларға баруға мәжбүр болды. Дағдарыстың басталуымен АҚШ үкіметі «New Deal» деп аталатын ауқымды бағдарламаны іске асыруға кірісті.

“New Deal” – жаңа жүйенің белгісі. Бұл бағдарлама 1933 пен 1939 жылдар арасында жүзеге асырылып, дағдарыстың жағымсыз салдарын азайту және капиталистік жүйенің алдында тұрған қиындықтарды жеңу мақсатында жасалды. Алдымен, әлеуметтік теңсіздікті төмендету, тұрақсыздықты жою және әртүрлі экономикалық күш орталықтары арасында теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылданды.

Қабылданған ең маңызды шешімдердің бірі – жаппай өріс алған жұмыссыздықпен күресу болды. Бұл мақсатта еңбек нарығын ұйымдастыру, еңбек құқықтарын қорғауға арналған үкіметтік емес ұйымдарды құру және ұлттық индустрияны дамыту туралы заңды қабылдау сияқты шаралар қабылданды. Экономикадағы жаңа мәселелер классикалық либерализмнің теориялық қағидаларынан, яғни *Laissez-faire*

(қол сұқпайтын) көзқарасынан бас тартуға және мемлекеттің экономикаға араласуына басымдық берілді<sup>1</sup>.

Кейінстің дағдарысты жеңу үшін «жұмыспен қамту мақсатында жыраға миллиондаған адамдарды түсіру керек» деген пікіріне сүйене отырып, АҚШ-та жаппай еңбекке орналастыру науқандары жүргізілді. 1933 жылы басталған және жеті ірі штатқа қамтылған «Теннесси жағалауын ұйымдастыру» атты ауқымды құрылыс жобасы көптеген адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталды. Үкімет жаңа жолдар, көпірлер, автожолдар, су қоймалары және теміржолдар салу үшін бюджеттен үлкен қаражат бөлді. Осы кезеңде еңбек шарттары қайта қаралып, жалақы саясаты жақсартылды. Елдегі әлеуметтік дағдарысты жеңу үшін жұмыссыздық пен жарақат алған жағдайда сақтандыру сияқты шаралар енгізілді.

Осы шаралардың бәрі АҚШ-тың әлемдегі жетекші мемлекет ретінде КСРО- мен әлеуметтік саясат саласында бәсекеге түсе алатын қабілетін көрсетуі керек болды. АҚШ-тағы барлық осы процесстерді жинақтай келе, капиталистік жүйенің социалистік жүйенің сын-қатерлеріне қарсы тұра алатынын және капитализмнің табиғатынан туындайтын мәселелерді шешу мүмкіндігін көрсетті.

Біз үшін бұл процестердің жаңалығы осы жағдайда бұқаралық қоғам құбылысы алғаш рет АҚШ-та көрініс тапты және бұл біздің тақырыпты қайта өзектендірді. «Бұқаралық қоғам», «мәдениет», «тұтынушы қоғам» және «жалпы әл-ауқат» ұғымдары 1945 жылдан кейін АҚШ жағдайын сипаттауда кеңінен қолданылды. АҚШ 1930-жылдардан

---

<sup>1</sup> Алайда, мемлекеттің араласуы тек осы салалармен шектелмеді және қоғамдық жауапкершілік теориясы контекстінде байқалғандай, бұл әрекеттер коммуникация теориясына әсер етіп, мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне араласуға құқылы деген көзқарастардың таралуына әкелді.

бастап әлеуметтік жүйені өзгерту арқылы Батыста жетекші орынға ие болды. Халықтың басым көпшілігіне әсер ету үшін АҚШ ең жана БАҚ технологияларын қолданды, ал олардың мүмкіндіктерін максималды түрде пайдалану үшін АҚШ БАҚ ғылыми зерттеулер саласында көшбасшы болды.

Біздің көріп отырғанымыздай, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс қоғамдары кездестірген мәселелер коммуникация жүйелерінің жылдам дамуына әсер етті. Соғыстың аяқталуымен техникалық жаңалықтар мен олардың практикалық қолданылуы тез қарқынмен дамыды. Басқаша айтқанда, көзге көрінбейтін факт ретінде әскери мақсаттар коммуникациялардың дамуына ықпал етті. Алайда, әскери мақсаттар үшін жасалған техникалық жаңалықтар өмір салтын қалыптастыруда да пайдаланылатын болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Интернет секілді заманауи жүйелердің Бірінші Парсы шығанағы соғысы кезінде қолданылуы таңқаларлық емес.

Коммуникация мәселесі жоғарыда атап өткеніміздей, ерекше жағдайларда өзектілікке ие болды. Осы кезеңнің маңызды ерекшеліктерінің бірі – бұқара халықтың белсенділігінің артуы және осы жағдаймен байланысты оларды басқару мен бағыттаудың қажеттілігінің туындауы.

Мұндай жағдай коммуникацияны зерттеудің алғашқы кезеңінде үгіт-насихат мәселесінің алға шығуына әкелді.

Уақыт өте келе, өткен соғыстарда сапалық өзгерістер орын алды. Қажетті жағдайлардың қалыптасуымен коммуникация мүмкіндіктерін барынша пайдалану үрдісі кең таралды. Мұндай жағдай жаңа талқылаулардың пайда болуына және осы саладағы зерттеулердің бағыттарын нақтылауға ықпал етті. Коммуникация құралдарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында, әрі қарай нақты нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін, осы зерттеулерді белгілі

бір ұғымдық контексте орналастыру қажеттілігі туындады. Мәселенің түйіні коммуникация құралдарының әсер ету механизмін мүмкіндігінше анық сипаттау қажеттілігінде болды. Осы мақсатта тәжірибелік зерттеулер жүргізуге, олардың негізінде қазіргі талаптарға жауап беретін сәйкес қорытынды тұжырымдаулар жасауға қадам басты.

Бұл зерттеулердің белсенді кезеңінде екі негізгі күш орталығының болғанын атап өткен жөн. Осыған байланысты мәселенің мәні саяси үгіт-насихат аясында қарастырылды. Орталықтарды бірінің жойылуымен үгіт-насихат аспектісі бұрынғы өзектілігін жоғалтты, және осы кезеңде коммуникацияны тек саясатсыздандырылған ақпаратты алу және тарату құралы ретінде қарастыруға тырысты. Бір ғана орталық болған жағдайда ақпараттық қоғам құбылысы туралы пікірталастар басталды.

Бұл жолы таратылған ақпарат жаһандық маңызға ие болып, сын мен пікірден жоғары қойылды, сондай-ақ барлық әлеуметтік және саяси қатынастар мен функциялардан бөлектенді<sup>1</sup>.

Осылайша, БАҚ «Батыста айтылғандай, адамдардың бүкіл әлемдік ғылым мен білім қажеттіліктерін қанағаттандыратын құралдар»<sup>2</sup> ретінде ұсынылды, сондай-ақ ақпарат пен ғылыми жетістіктерді бұқара халыққа кең көлемде таратудың маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайда коммуникацияларға деген күдік ғылымға деген күдік ретінде түсінілетін еді, және бұл жол бастапқыда тапсырысталған.

Дегенмен, «Батыс өз байлықтарын, орны мен гегемониясының артықшылықтарын әлеммен бөлісуге ниет

---

<sup>1</sup> Толығырақ ақпарат алу үшін Қорқыт Тунадың «Батыс ғылымын сынауға арналған» еңбегін қараңыз, Ыстамбұл университетінің Филология факультеті баспасы, Ыстамбұл, 1993.

<sup>2</sup> Сонда, 89 б.

білдірмейтін жағдайларда, әлемде үстемдік орнын алған ақпаратты, тіпті жүйелендірілген түрде, бөлісуге деген мәлімдемелер»<sup>1</sup> жасады. Басқаша айтқанда, Батыстың не нәрсемен бөлісуді қалайтыны үнемі таңданыс тудыратын объектіге айналды.

Қорытындылай келе, коммуникацияны зерттеу ерекшеліктерінің барлығы өз дәуірінің ерекшеліктерімен байланысып, шектелгенін атап өту қажет.

Осы ерекшеліктердің бәрі бір кезеңде жинақталғандықтан, барлық анықтамалардың да шектеулі сипаты болатыны анық.

Коммуникацияның ерекшеліктері белгілі бір мәселелермен жағдайларды жеңуге деген ұмтылыстың нәтижесінде пайда болғандықтан, олар ауқымды анықтамалардың қалыптасу болашағын едәуір шектейді. Мұндай жағдайда түсіндірмелер коммуникация құбылысының негізінен емес, соның нәтижесінде шектеулі болады және макропроцестерді түсіндіруде тұрақсыздықты тудыруы мүмкін.

Тек бір кезеңнің коммуникациялық ерекшеліктерімен шектелу арқылы сол кезеңнің толық көрінісін жоғалтумен қатар, мәселенің тереңіне үңілу мүмкіндігі болмайды. Дегенмен, коммуникацияның маңыздылығы сақталады. Сондықтан, барлық процестерді түсіну үшін және мәселенің қайнар көзін түсіндіруде тарихи жағынан кең ауқымды контексте дискурс жүргізудің тиімділігін көреміз.

## **В. Академиялық институттардың тарихы**

Біздің тақырыбымыздың аясында университеттердегі коммуникация саласындағы зерттеулердің институционализациялану үдерісін бақылау өте маңызды. Бұл бізге осы

---

<sup>1</sup> Сонда, 10 б.

феноменге қатысты анықтамалар мен зерттеулердің шектеулі екенін көруге мүмкіндік береді. Төменде көрсеткеніміздей, олар шынайы зерттеулер жүргізуден гөрі, газеттерге, содан кейін басқа да БАҚ түрлеріне білікті мамандар даярлау орталықтары болып табылды.

Коммуникация феноменінің әлеуметтік білімнің арнайы пәні ретінде қалыптасуы – өте жаңа құбылыс. Бұл академиялық институттардың пайда болған жылдарынан айқын көрінеді. Құрылған академиялық мекемелер тікелей коммуникациямен байланысты болмаған, олардың қызметі тек баспасөзді зерттеумен шектелген. Алғашқы уақытта негізінен баспасөзді зерттейтін кафедралар құрылып, кейінірек олардың кеңеюі мен саралану үрдісі күшейді. Ақырында, кейде баспасөз факультеті, кейде коммуникация факультеті деп аталған арнайы колледждер мен факультеттер пайда болды. Алайда, баспасөзді зерттеумен айналысатын академиялық мекемелерде коммуникация бойынша жеке оқу курсының жасалынуы жақында ғана жүзеге асырылды.

Егер АҚШ-та олар тек XX ғасырдың басында құрылса, Еуропада олар одан да кешірек пайда болды. Бір зерттеуші «осы мекемелерді құру идеясы жақында ғана пайда болды» деп атап өткен<sup>1</sup>. Олардың Еуропадағы пайда болу тарихы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге жатқызылуы мүмкін<sup>2</sup>. Алайда, Еуропада бір ерекше жағдай болды. 1924 жылы Францияда Лилль қаласындағы католиктік заң факультетінің жанынан Поль Вершавтың басшылығымен

<sup>1</sup> Philippe Gaillard, «Газет ici», Ser Universitesi 15, Ыстамбұл, Илетишим баспасы, 1991, 7 б.

<sup>2</sup> Jean-Luc Routier, «Баспасөз саласындағы білім беру: Еуропадағы жаңа үрдістер» // Jean-Marie Charon редакциялаған «Медиа әлемі» жинағында, түрік тіліне аударған Оя Татлыпнар, Илетишим баспасы, Ыстамбұл, 1992, 309 б.

газет ісі мектебі құрылған, бірақ «оны ешкім шынымен қабылдамаған»<sup>1</sup>.

1950 жылдардың соңында Францияда олар өздері «қаламаса да»<sup>2</sup>, баспасөз саласындағы білімге көңіл бөлуге мәжбүр болды, және осы аяда Парижде Газет ісі бойынша Оқу Орталығы құрылды. Ұлыбританияда да осындай жағдай орын алды, 1959 жылы Мюнхенде тағы бір мектеп ашылды<sup>3</sup>.

Университеттерде ақпарат және коммуникация саласындағы қажетті мамандарды даярлайтын арнайы мектептер 1970 жылдардың ортасында құрылды. Кардиффтегі Университетте Газет ісін зерттеу орталығы 1970 жылы, Данияда Орхус университетінде Баспасөзді зерттеу колледжі 1971 жылы, Лондон қалалық университетінде Газет ісі бойынша Арнайы орталық 1976 жылы, ал Миланда Газет ісі бойынша Білім беру орталығы 1974 жылы ашылды<sup>4</sup>.

1980 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін зерттеліп отырған мәселе бойынша арнайы білім беру мекемелері пайда болды, кейбір медиа топтар өздерінің білім беру орталықтарын құрып, жергілікті университеттермен тығыз байланыс орнату жолына түсті, бірақ бұл қабылданған шаралар да жеткіліксіз болды<sup>5</sup>.

Аталған оқу орындарында мынадай курстарға ерекше көңіл аударылды: мектеп газетін жүргізу, авторлық курстар, радио мен теледидар трансляциясы, сұхбат жүргізу, ақпарат агенттіктерінің жұмыс әдістері, хатшы-стенографистерді даярлау. Алайда, бұл мекемелер тек кәсіби біліммен шектеліп, жұмыс берушілердің сыртқы қысымының ықпалында болды<sup>6</sup>.

---

<sup>1</sup> Gaillard, сонда, 7 б.

<sup>2</sup> Сонда, 8 б.

<sup>3</sup> Routier, сонда, 309 б.

<sup>4</sup> Сонда, 309 б.

<sup>5</sup> Сонда, 309-310 бб.

<sup>6</sup> Сонда, 310 б.

АҚШ-та газет ісі бойынша алғашқы мектеп 1908 жылы Миссури штатында ашылғанымен<sup>1</sup>, осы саладағы негізгі әзірлемелер Еуропада болған кезеңге сәйкес келді.

Университеттерде бұл үрдіс дұрыс қабылданбады және Миссуриден кейін тек 1913 жылы Колумбия университетінде Джозеф Пулицердің қаржылық қолдауымен баспасөз мектебі құрылды, - деп Sauvageau Колумбия университетіндегі Ганнет медиа зерттеулер орталығының директоры Эверетт Дениске сілтеме жасап, жазған болатын. Ол сондай-ақ «АҚШ-та газеттану білімінің қалыптасу тарихы, кейбір ішінара қолдау шараларын есепке алмағанда, екіжүзді және күмәнді» екенін атап өтті<sup>2</sup>.

Еуропамен салыстырғанда, АҚШ-тағы бұл мекемелер жоғары деңгейде болды, және 1960-жылдардан кейін оларда маңызды өзгерістер орын алды. Мысалы, 1986 жылы магистратура бағдарламаларын қоса алғанда, 150 түрлі мектепте оқитын студенттердің саны 100 мыңға жетті<sup>3</sup>.

Дегенмен, бұл мекемелер, Еуропадағы мекемелердегідей функцияларды атқара отырып, «тек техникалық дағдыларды меңгеруге негізделгендіктен, ешкімді қанағаттандырмады». Сондай-ақ, онда жарнама ісі мен фотокорреспонденцияға ерекше назар аударылғаны байқалды.

Тек газетті өндіруге қажетті практикалық дағдылармен шектелген коммуникация курстары, жоғарыда атап өткендей, 1970-жылдарда ғана оқу жоспарына енді, және бұл болашақта кино, радио, қоғамдық байланыс сияқты екінші дәрежелі курстардың коммуникацияның негізгі курстарына айналуына әсер етті. Монреальдегі Квебек

---

<sup>1</sup> Florian Sauvageau, «Газеттану және коммуникация саласындағы білім беру: Солтүстік Америкадағы ретсіздік», «Медиа әлемі» жинағы, 311-б.

<sup>2</sup> Сонда, 311 б.

<sup>3</sup> Сонда, 311 б.

университеті осы өзгерістердің алғашқы мысалдарының бірі болып табылады. Коммуникацияны жеке пән ретінде институционализациялаудағы барлық өзгерістер әртүрлі позициялардан сынға ұшырады. Осы сынның мысалы ретінде «АҚШ-та көптеген кампустарда газеттану мектептері мен коммуникация кафедралары бір-бірінен оқшауланған» деген пікірді келтіруге болады<sup>1</sup>.

Нәтижесінде, Эверетт Денистің 1984 жылы жарияланған «Орегон есебі» атты маңызды құжатында газеттану бойынша білім беру мекемелерінің тек индустриалды орталықтар аясында әрекет ететін арнайы мектептер ғана болуға ұмтылатыны туралы жақсы резюме келтірілді<sup>2</sup>.

Біздің елде коммуникация және баспасөз саласындағы білімнің басталуы 1950 жылы<sup>3</sup> Ыстамбұл университетінің экономика факультетінде газет ісі институтының құрылуымен байланыстырылады\*.

Басқа еуропалық мемлекеттермен салыстырғанда бұл кезең біздің кешігіп қалмағанымызды көрсетеді. Дегенмен, біздің тәжірибеміз кадр құрамының және оқу бағдарламасының сақталуымен шектелді, тек аталған мекеменің атауының өзгеруі байқалды, және осы контексте соңғы атауы «коммуникация факультеті» болды.

---

<sup>1</sup> Сонда, 312 б.

<sup>2</sup> Сонда, 312 б.

<sup>3</sup> Нармин Абадан-Унат, «Батыс Еуропа мен Түркияда коммуникацияны оқыту», Анкара университетінің Саяси ғылымдар факультеті баспасы, Анкара, 1972.

\* Коркмаз Алемдардың сөзіне сүйенсек, коммуникация саласындағы білім берудің «нақты» тарихы Анкара университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінде Жоғары баспасөз және коммуникация мектебінің ашылуымен басталады. Дереккөз: «Түркиядағы қазіргі коммуникацияның тарихи негіздері және коммуникация социологиясының негіздері бойынша зерттеу», Анкара, 1981, 3-б.

Көріп отырғанымыздай, қарастырылып отырған саладағы білім беру мекемелері коммуникация мәселесінің мәнін түсінуге мүмкіндік береді және коммуникация саласындағы зерттеулерді қолдайды. Олар коммуникация саласындағы кадрларды даярлауды мақсат етеді және де техникалық дағдыларды меңгеруге үлкен көңіл бөледі. Өз құрылымының мәніне негізделе отырып, бұл мекемелер техникалық сала шегінен шыға алмай отыр.

### **В. Коммуникация теориялары**

Осы сипатталып отырған салада әзірленген көптеген түрлі теориялар бар. Біздің мақсатымыз — осы теориялардың барлығын сипаттау емес. Біз олардың барлығын талдап, бұл еңбекті библиографияға айналдыруды да көздемейміз. Керісінше, біз осы саладағы негізгі бағыттарды білдіретін теорияларға баса назар аудардық. Мұндағы негізгі мақсат — өз көзқарасымызды негіздеу. Сондықтан, біз мәселенің егжей-тегжейіне тоқталмадық. Алдымен, біз осы теорияларды сипаттап, содан кейін зерттелетін феноменге қатысты өз көзқарасымызды негіздеуге тырысамыз.

Коммуникацияның қоғамдағы атқаратын барлық функцияларын сипаттау үшін, негізінен, медиа мен қоғам арасындағы өзара байланысты зерттеу қажет және де салыстырмалы талдау арқылы әр түрлі қоғамдардағы коммуникация жүйелеріне назар аударып, осы жүйелердің идеологиялық және саяси негіздерін сипаттау керек. Медианы ұйымдастырудың институционалдық формасы ретінде және оның құралдарын пайдалану мен жұмыс істеу тәсілдерін зерттеуге арналған бірнеше теориялар бар.

Бұл теориялар түрлі қоғамдардағы коммуникация жүйелерін қарастыра отырып, «олардың әлеуметтік

жүйенің ең жалпы деңгейіндегі, әсіресе, саяси құрылыммен өзара байланыстарына»<sup>1</sup> тоқталады, бұл байланыстар коммуникация жүйесін айқындайтын маңызды факторлар ретінде қарастырылады. «Осы теориялардың негізінде коммуникация жүйесін түсіну саяси биліктің сипатын түсіну деңгейіне байланысты» деп атап өтіледі<sup>2</sup>.

Нормативтік медиа теориялары деп аталатын бұл бағыттың негіздері Сиберт пен оның серіктерімен қаланған. 1956 жылы жарияланған «Баспасөздің төрт теориясы» жұмысы<sup>3</sup> «осы зерттеу саласындағы маңызды дереккөзге» айналды<sup>4</sup>. Сиберт алғаш рет теорияны төрт компонентке бөлгеннен кейін, Мак-Коэль «екі бөлік» қосылғанын атап, олардың әлі тәжірибелік түрде жүзеге аспағанын айтып, коммуникацияның алты теориясы туралы пікірін білдіре бастады. Кейіннен екі және үш теориядан тұратын түрлі, оңайлатылған нұсқалар әзірленді, бірақ біз оларға тоқталмаймыз, басқа зерттеушілер негізделетін алты теория нұсқасына назар аударамыз.

Сиберттің белгілі теориясында төрт деңгей қарастырылады: «авторитарлық», «либералдық», «азаматтық жауапкершілік» деңгейі және «социалистік» деңгей. Мак-Коэль бұған «даму» және «демократиялық көпшіліктің қатысуы» сияқты ұғымдарды қосады. Бұл теорияның шығу тарихы авторитарлық коммуникация жүйесінің үстемдігі болған кезеңдермен тығыз байланысты, сонымен қатар

---

<sup>1</sup> Рашид Кайа, «Коммуникация жүйесі», Теория баспасы, Анкара, 1985, 65-б.

<sup>2</sup> Сонда, 65 б.

<sup>3</sup> ШОСКА67 F. Siebert, S. Peterson and W. Schramm, Four Theories of the Press, Urbana: University of Illinois Press 1956

<sup>4</sup> Денис МакКуэйл, «Коммуникация теориясына кіріспе», аударған Ахмед Халук Юксель, Кибеле Өнер Орталығы баспасы, Анадолу университеті, Эскишехир, 1994, 120-б.

Батыс елдерінде динамикалық даму мен баспасөздің пайда болу кезеңіне де қатысты болып келеді.

Бұл теория бастапқыда баспасөзді, оны қолданудың формалары мен негізгі принциптерін талдауға бағытталғандықтан, әрі қарай баспасөзден кейін пайда болған басқа медиа түрлеріне ауысқандықтан, біз баспасөзбен байланысты кезенді бастапқы нүкте ретінде қарастыруымыз керек. Егер біз мәселені коммуникация жүйесінің тарихи негіздерінің аясында қарастырсақ, онда бірінші кезекке хронологиялық шектеулер мен жалпы түсініктемелік базаның жеткіліксіздігі шығады. Тіпті зерттеудің атауы да осындай көзқарастың қалыптасуы үшін жеткілікті болып отыр.

Мұнда алдымен келесі сұрақ туындайды: мәселенің тереңдігіне үңілудің орнына неге шектеулер пайда болып, осындай атау таңдалды? Шынымен де, бұл теория тек жаңа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану кезеңімен шектеліп, коммуникация құралдарын ертерек қолдану кезеңдерін сипаттауға талпынбаған ба, әлде ұсынылған түсіндірмелік үлгі баспасөз пайда болғанға дейінгі кезеңде де қолданылуы мүмкін дегенді білдіре ме?

Егер сұрағымызды одан әрі нақтылай түссек, онда былай сұрауға болады: теория ерте кезеңдерде ешқандай бұқаралық коммуникация құралдары болмаған деп есептеп, сол кезеңге қатысты коммуникация жүйелері туралы айтпай ма, әлде авторитарлық жүйелердің сол ерте кезеңдерде де болғанын болжай ма?

Бұл теорияларды қысқаша сипаттағаннан кейін, біз оларды жалпы түрде талдаймыз. Төменде берілген теориялар туралы ақпарат негізінен Мак-Коэльдің «Бұқаралық коммуникация теориясы» мен Рашид Кайдың «Бұқаралық коммуникация жүйелері» еңбектерінен алынған.

### **Авторитарлық теориялар**

Авторитарлық коммуникация жүйелерінің қоғамдардағы үстемдік кезеңі, жоғарыда айтылғандай, динамикалық дамудың басталуымен байланысты. Газет пайда болған кезде әлемде монархтың шексіз билігімен көрініс тапқан монархиялық авторитарлық тәртіптер үстем болды. Бұл жүйе монархиялық басқару формасы кезінде енгізілді, мұнда баспасөз жеке меншік болған жағдайда да, саяси билікке тәуелді деп есептелді. Осыған байланысты алғашқы коммуникация теориясы және баспасөздің даму логикасы биліктің және үкіметтің мүдделеріне қызмет ету бағытында жүріп отырды. Баспасөз биліктің күшін көрсету құралы ретінде пайдаланылды.

Осы шеңберде қалған коммуникация жүйелерінің ортақ ерекшелігі – баспасөз өкілдерінің шынайы тәуелсіз болмауы және түптеп келгенде, қажет болған жағдайда оларға күш қолданылып, биліктің еркіне бағынуға мәжбүр болуы.

Ақпарат құралдары бұл жағдайда тәуелсіз жұмыс істей алмайды. Билік бақылаудың әртүрлі құралдарына ие. Құқықтық тұрғыдан цензураға дейінгі санкциялар заңды болып саналады. Бақылаудың басқа да әдістері бар, мысалы, қатаң заңдар, баспасөз өндірісін тікелей мемлекеттік бақылау, салық салу, экономикалық санкциялар, кәсіби қызметтің шарттарын реттейтін қатаң заң нормалары, тіпті баспасөз қызметкерлерін билік өкілдерінің тікелей тағайындауы.

Бұл қысым көрсету принципі әртүрлі елдерде әртүрлі атаулармен кездеседі. Мұндай жүйе тек демократияға жақындаған елдерде ғана емес, сонымен қатар жартылай демократиялық, диктаторлық және әскери режимдерде де әртүрлі формаларда жұмысын жалғастыруда. Тіпті баспасөзге қысым немесе цензура заңнамамен тыйым салынған авторитарлық емес режимдерде де, төтенше жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарына авторитарлық

қатынас қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар авторитарлық қатынастың өзіндік ерекше формалары да кездеседі. Көптеген елдерде радио мен теледидар, театрлар мен кинофильмдер, баспасөз, тіпті кітап баспасы және басқа да бұқаралық коммуникация құралдары авторитарлық режиммен байланысты екенін көруге болады. Сондықтан авторитарлық тәсілді қазіргі әлемде жоқ басқару формасы ретінде қарастыруға болмайды.

Авторитарлық теорияның негізгі принциптерін келесідей көрсетуге болады:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары әрқашан жергілікті заңды билікке бағынуы керек;

2. Бұл құралдар қоғамда қалыптасқан экономикалық, моральдық құндылықтар мен әдеп-ғұрыптарға қарсы келмеуі керек;

3. Жоғарыда сипатталған жағдайларда бақылау мен цензура қолданылуы мүмкін және олар заңды болып саналады;

4. Авторитаризмге қарсы тұру, ресми саясаттан ауытқу және моральдық құндылықтарға шабуыл жасау заңсыз әрекет ретінде қарастырылады және қылмыстық жауапкершілікке тартылады;

5. Бұқаралық ақпарат құралдарына жеке меншік құқығы тек осы аталған принциптерді қабылдаған жағдайда ғана мүмкін болады.

### **Либералдық теория**

Бұл теорияның бастауларын XVII ғасырдан бастап, баспасөздің мемлекеттік бақылаудан шыға бастаған кезінен іздеу керек. Либералдық ұстаным бойынша, коммуникация құралдары жеке меншік болуы керек және басқа функциялармен қатар билікті бақылау мүмкіндігіне де ие болуы қажет.

Ренессанс идеологиясы мен осы үдерістер барысында жарияланған либералдық құқықтар коммуникация жүйесіне деген авторитарлық көзқарасқа қарсы либералдық теориялардың пайда болуына әкелді. Қазіргі уақытта либералдық-демократиялық коммуникация жүйесінің негізгі принциптік негізі болып табылатын бұл тәсіл ой және сөз бостандығы сияқты құқықтарды қорғауды басты ұстаным ретінде қолдайды.

Бұл контексте, аталған теорияның ең қарапайым анықтамасы еркін адамның өзінің қалағанын жариялауға және трансляциялауға құқылы екенін білдіреді.

Алайда, бұл қағидалардың айқын еркіндігі мен қарапайымдылығына қарамастан, олар нақты емес және тәжірибе жүзінде қиыншылықпен айқындалады. Мысалы келтіретін болсақ: ең танымал құқықтардың бірі – баспасөз бостандығы, бірақ шын мәнінде ол толықтай шектеусіз болуы мүмкін емес. Коммуникация құралдарын бақылаудың екі түрі бар. Біріншісі – плюрализм және көпдауыстылық принципі. Бұл принцип жеке тұлғаның қаншалықты шыншыл екенін анықтауға ықпал етеді. Тек сөз бостандығы жағдайында ғана шындыққа қол жеткізуге болады. Шындықтың ашылуына негіз болатын басты қағида – бұл еркін ойды білдіру бостандығы. Екінші деңгейде құқықтық жүйе индивидтің моральдық нормаларға сәйкес келмейтін мәтіндер немесе бағдарламалар жарияланған кезде сотқа шағымданбауын, сонымен қатар әскери әрекеттер кезінде өшпенділікті қоздыруға шақырмауын қамтамасыз етеді. Цензура қолданылмауы керек, бірақ заңсыз әрекеттер жасалғанда немесе адамның құқықтары бұзылғанда, осы физикалық және заңды тұлғалардың баспасөз алдында құқықтарын қорғайтын құқықтық база болуы қажет.

Тәуелсіз кәсіпкерлікке және қозғалыс еркіндігіне негізделетін төменде келтірілген принциптер либералдық позицияларды жақсырақ сипаттап, түсінуге көмектеседі:

1. Баспасөз секторы әр адамға ашық болуы тиіс, ешқандай заңды лицензия немесе рұқсатсыз;

2. Бұл саланы кәсіби қызмет ретінде таңдау үшін алдын ала шарттар қойылмауы керек;

3. Қандай да бір материалдарды жариялау кезінде қысым көрсетілмеуі тиіс;

4. Ресми партия немесе билікке қатысты сын немесе жеке пікір білдіру қылмыс ретінде қаралмауы керек, тек заңдармен қорғалған “қасиетті” салалар: жеке өмірге қол сұқпау, отанды сату және елдің қауіпсіздігі жағдайларын қоспағанда;

5. Баспасөз секторында жұмыс істейтін үшінші тараптар алдын ала бақылау немесе цензура жүргізе алмайды;

6. Материалдарды жариялауға шектеулер қойылмауы тиіс және ақпаратты еркін алу мен тарату үшін жағдайлар жасалынуы керек.

### **Азаматтық жауапкершілік теориясы**

Азаматтық жауапкершілік теориясының бастауларын «Баспасөз бостандығы жөніндегі комиссияның» есептерінен іздеу керек, оны «Хатчинсон комиссиясы» деп те атайды. Бұл комиссия 1947 жылы АҚШ-тағы баспасөз бостандығының жағдайын зерттеу мақсатында құрылған. Бұл теорияның негізінде нарықтық экономика жағдайында теорияда қарастырылған баспасөз бостандығын іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес деген сын мен осындай жағдайдың қоғамның көптеген талаптарына сәйкес келмейтіндігіне деген айқын сенім жатыр.

Есептерде баспасөз бостандығына деген дәстүрлі көзқарас пен оның ажырамас бөлігі болып табылатын азаматтық жауапкершілік арасындағы қайшылық айқын көрсетіледі, және бұл жауапкершілік аясында баспасөздің шынайы қажеттілігі айқындалады. Сонымен қатар қазіргі кезде бар тәуелсіз баспасөз идеясы азаматтық жауапкершіліктің болмауының нақты бір үлгісі ретінде атап өтіледі.

Бұл теория қоғамдық өмірге жауапты әртүрлі қызметтік функциялардың болуын болжайды. Әсіресе, бұл құралдардың алдында «демократияның» өмір сүруін жалғастыру үшін көптеген міндеттер тұр. Баспасөз тәуелсіз және ерекше қызмет саласы болып қалуы керек, бірақ бұл оның қателесу құқығына ие дегенді білдірмейді. Азаматтық жауапкершілік теориясы барлық пікір білдіргісі келетіндерге өз ойларын еркін айту құқығы берілуі керек деген тұжырымды ұсынады, ал егер бұқаралық ақпарат құралдары өз міндеттерін орындамаса, оларды орындауға біреу үгіттеуі тиіс. Мұндай жүйеде коммуникация құралдарын қоғамдық пікір институттары, әртүрлі қажеттіліктер немесе биліктің жеке құрылымдары арқылы бақылау қажет. Биліктің міндеттеріне коммуникация құралдарының қызметіне бақылау жүргізу мен араласудан басқа, оларға қаржылық қолдау көрсету және белгілі бір артықшылықтар мен преференциялар беру де жатады.

Азаматтық жауапкершілік теориясының негізгі принциптері мыналар:

1. Коммуникация құралдарының өкілдері қоғам алдында белгілі бір міндеттемелері бар екенін мойындауы тиіс;

2. Бұл міндеттерді орындау кезінде адалдық, нақтылық және тепе-теңдік сияқты алмастырылмайтын қағидаттар дамытылуы тиіс, сондай-ақ бұл қағидаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби «стандарттар» әзірленуі қажет;

3. БАҚ өз қызметінің құқықтық негіздерін әзірлеумен қатар, қоғам игілігі үшін олардың қызметіне араласуға мүмкіндік беру міндеттемесін қабылдауы тиіс;

4. БАҚ плюрализм қағидатына сәйкес, қоғамдағы барлық әртүрлі көзқарастарды көрсетуге, әртүрлі пікірлерді айтуға мүмкіндік беруге және жауап беру құқығы сияқты міндеттемелерді орындауға ұмтылуы тиіс;

5. Ақпараттық қызметпен қатар, БАҚ мәдениет пен өнерді насихаттау саласында ағартушылық функциясын орындауы қажет;

6. Демократияны және өміршең қоғамдық жүйені сақтау мақсатында, БАҚ қылмыстық өмір салтын, зорлық-зомбылықты, хаосты және азшылықты қорлауды насихаттаудан аулақ болуы тиіс.

### **Социалистік (тоталитарлық) теория**

1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін орыс баспасөзі мен басқа да орыс БАҚ-тары жаңа формада қайта құрылды. Кеңес жүйесінде БАҚ-ты қайта құру Лениннің формулировкасына негізделіп, марксистік теорияға сүйене отырып жүзеге асырылды. Уақыт өте келе құрылымдық модификациялар арқылы дамыған жаңа коммуникация жүйесінің түрі СССР-дің ықпалындағы елдер үшін үлгіге айналды.

Жалпы алғанда, бұл жүйеде коммуникация құралдарының міндеттері кеңес жүйесінің ықпалын арттыру және оның өміршеңдігін қамтамасыз ету болды.

Бұл құралдар елді дамыту үшін қажетті мемлекеттік биліктің бір тармағы болды. Сондықтан кеңес жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет тарапынан бақылауда және соның басқаруында болды. Кеңестік қоғамда пролетариат барлық билікті өз қолында ұстағандықтан,

идеологиялық өндіріс құралдарына бақылау жасау қажеттілігі туындады, және барлық бұқаралық ақпарат құралдары пролетариаттың коммунистік партиясының бақылауында болуы тиіс болды. Тек партияға адал адамдар осы құралдарды жүйелі түрде пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Егер БАҚ-та партияның басқару әдістеріне қатысты сын айтылса да, партияның мақсаттарына ешқандай сын айтуға болмайтын.

Социалистік қоғам тапсыз болғандықтан немесе соған ұмтылатындықтан, онда теориялық тұрғыдан таптық күрес атымен жоқ. Сондықтан басқа саяси көзқарастарды қамтитын құрылымды да құру қажеттілігі болмайды.

Мұндай жүйеде БАҚ қоғамның тарихи дамуы мен қалыптасуы контекстінде қажетті ұжымдық ұйымдас-тырушының өте маңызды және ерекше рөлін атқарады. Негізгі мақсатқа жету үшін, БАҚ функционалды болып, бірқатар міндеттерді орындауы қажет.

Марксизм болашақтағы нақты тарихи даму заңдылықтары мен объективті шынайылықты болжайды және оны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізу қажет деп есептейді.

Осылайша, бұл теория жеке талдау мүмкіндіктерін шектейді және либералдық коммуникация жүйесі ұсынатын құндылықтардан өзгеше құндылықтарды жариялайды.

Осыған қарамастан, қоғам өмірінің шыңы болып қарастырылатын кеңестік мемлекеттің бұл түрі табиғи күйінде бұқаралық ақпарат құралдарын басқа мемлекеттік құрылымдарға интеграциялауға ұмтылады. Жоғарыда айтылған контекстте БАҚ өзін-өзі бақылауды жүзеге асырып, белгілі бір жауапкершілік шараларын қалыптастыруы, дәстүрге айналатын нормаларды құруы және соларға бағынуы тиіс, сонымен бірге көрермендер мен оқырмандардың талаптары мен тілектеріне мұқият көңіл бөлуі қажет. Сондай-

ақ олар хаттарға, оқырмандармен хат алмасуды дамытуға уақыт бөлуі керек.

Бұл тәсілдің негізгі гипотезасы цензураның қолданылуын заңдастыруда, ал коммуникация саласының қызметкерлері мемлекетке қарсы қылмыс жасаған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Социалистік теорияның негізгі принциптері мыналар:

1. БАҚ пролетариаттың мүдделеріне қызмет етуі және олардың бақылауында болуы тиіс. Осы көзқарас тұрғысынан олар жеке меншікке жатпауы керек;

2. БАҚ қоғам үшін қажетті оң функцияларды, яғни ағарту, әлеуметтендіру, ақпарат беру, ынталандыру және мобилизация сияқты қызметтерді атқаруы қажет;

3. Қоғам алдында міндеттемелермен қатар, БАҚ көрермендердің тілектеріне және талаптарына барынша мұқият болуы тиіс.

Қоғамдық және жаһандық оқиғаларды марксизм-ленинизм тұрғысынан талдау жасауы керек;

4. Қоғам алдын ала цензура, бақылау және қабылданған нормаларға қарсы бағытталған басылымдар мен трансляцияларға заңды санкциялар қолдану құқығына ие, сондай-ақ бұл әрекеттермен айналысқандарға жаза қолдана алады.

### **Модернизация теориясы**

Модернизация тәсілінің қалыптасу бастауларында тек жақында тәуелсіздік алған, көп жағдайда 1960-шы жылдардағы антиколониялық қозғалыстың аяқталу кезеңінде тұрған дамушы елдер жатыр. Бұл қоғамдар әлеуметтік және саяси «модернизация», «прогресс» және «даму» сияқты түсінік-термен анықталатын маңызды мәселелермен бетпе-бет келіп қана қоймай, сонымен қатар, олармен өзара қарым-қатынастарын қайта қарауға ұмтылатын елдердің назарын аударды.

Бұл қоғамдар үшін БАҚ-тың маңыздылығына қарамастан, олардың құрылымдық ерекшеліктері жоғарыда сипатталған төрт коммуникация жүйесін енгізуге мүмкіндік бермейді, сондықтан олар жаңа жүйе құру қажеттілігіне тап болып отыр.

Бұл елдерде прогрессивті коммуникация жүйесін енгізуге және пайдалануға қажетті алдын ала жағдайлар мүлде жоқ немесе жеткіліксіз. Мұндай алдын ала жағдайлардың негізгі мысалдары ретінде мыналарды атап өтуге болады: коммуникациялық инфрақұрылымның болмауы, қажетті кәсіби білім мен дағдылардың жеткіліксіздігі, өндірістің дамыған деңгейінің болмауы, мәдени дереккөздер мен қажетті көрермен аудиториясының жеткіліксіздігі. Тағы бір маңызды мәселе – дамушы елдердің қажетті технологиялармен, дағдылармен және мәдени артефактылармен қамтамасыз ете алатын дамыған елдерге тәуелді болуы.

Тіпті даму деңгейлері әртүрлі болған жағдайда да, экономикалық, саяси және әлеуметтік дамумен байланысты салалар ұлттық басымдық ретінде белгіленді. Мұндай жағдайларда барлық әлеуметтік институттар мен құндылықтар, соның ішінде коммуникация құралдары, басты ұлттық міндетке бағынуға мәжбүр болады.

Халықаралық аренада дамушы елдердің де ортақ негіздері бар: бірегейлік пен мүмкін болатын ортақ пайдаға ұмтылу. Бұл елдер мұны барған сайын жақсырақ түсініп, өз ұстанымдарын жақындатуға тырысуда.

Осының барлығы, біз атап өткен ерекшеліктер, коммуникация жүйесін төрт белгілі позицияның негізінде сипаттауға мүмкіндік бермейді. Мысалы, бұл елдерде еркін кәсіпкерлік қиындықпен дамып, либералды тәсілге тән негізгі бостандықтар да толық орнықпайды. Сонымен қатар, авторитарлық көзқарас ұлттық мүдделерге қол жеткізуге

бағытталған ұжымдық күш-жігерге әрдайым сәйкес келе бермейді. Осындай жағдайда коммуникация жүйесін анықтайтын жаңа тәсіл қажет.

Модернизациялық тәсілдің негізгі принциптері мыналар:

1. БАҚ ұлттық міндеттермен анықталатын даму мақсаттарына қол жеткізу үшін мобилизацияланады. Мұндай міндеттерді жүзеге асыру үшін тікелей қысым мен цензурадан бастап, әртүрлі дотацияларды беру мүмкіндігі қарастырылады;

2. Ұлттық құндылықтарды дамыту БАҚ-та ұлттық мәдениет пен тілге ерекше назар аударуды ұйғарады;

3. Біртұтастықты қамтамасыз ету және осы үдеріспен байланысты мәселелерді жариялау мақсатында, мәдени, экономикалық және саяси даму деңгейлері бірдей елдердегі үдерістер туралы ақпаратқа басымдық берілуі қажет.

### **Демократиялық плюрализм теориясы**

Мак-Коэль атап өткендей, бұл тәсіл мен теорияның тәуелсіз мәні талқылауға негіз бола алатынына қарамастан, бұл теория басқа түсіндірмелік үлгілерге жауап ретінде қалыптасып отыр, сондықтан да жеке түрде аталып өтуге лайық<sup>1</sup>.

Дамыған либералдық қоғамдарда ең көп таралған бұл теория бертін пайда болған институционализация формасымен байланысты және де көптеген ұқсас аспектілеріне қарамастан, осы тәсілдің контекстінде модернизациялық теорияның сынына ұшырап отыр.

Плюралистік тәсіл либералды теорияның бір аспектісінің жетіспеушілігін атап өтеді, ол бұқаралық

---

<sup>1</sup> Мак-Куэйлдің либералды-демократиялық теорияға қатысты күмәндарымен толығырақ танысу үшін қараңыз: McQuail, сол дереккөз, 133-134 бб.

ақпарат құралдарын иелену мен пайдалану мемлекеттік араласусыз мүмкін емес екенін білдіреді. БАҚ қызметінің тағы бір маңызды факторлары олардың коммерциализациясы мен монополизациясы болып табылады. Осыдан бұқаралық ақпарат құралдары бұл жолы мемлекет емес, жеке капиталдың тікелей ықпалына түседі деген қорытынды шығады. Тағы бір реакция азаматтық жауапкершілік нормаларының өсуімен және шектеуші сипатқа ие болған жариялау қызметінің үлкен орталықтандыруымен байланысты.

«Демократиялық қатысу» ұғымы парламенттік демократиялық жүйеге қатысты сыни көзқарастарды қамтиды. Бұл жүйе азаматтардың саяси және әлеуметтік өмірге қатысуын қолдағаннан гөрі, оны тежеп отыруға бейім. Екінші жағынан, «бұқаралық қоғам» да сынға ұшырайды, себебі ол жеке тұлғалар мен азшылықтарға нақты мүмкіндік бере алмайды және орталықтандырылған әрі жоғары ұйымдасқан болып көрінеді.

Плюралистік және демократиялық теорияның орталық орны саяси қоғамдағы белсенді тұтынушылардың мүдделері, қажеттіліктері мен тілектерімен тікелей байланысты. Бұл теория біртекті, орталықтандырылған, жоғары кәсіби, мемлекет бақылауындағы, бейтарап және жоғары құндылықтарға бағдарланған медиа жүйесінің қажеттілігін елемей, жергілікті, шағын, институционалданбаған, өндіруші мен көрермен рөлдерінің ауысуына мүмкіндік беретін, қоғамның барлық қабаттарындағы байланыстардың горизонталдығын және олардың өзара ықпалын қамтамасыз ететін медиа жүйесін қолдайды.

Бұл теория тәуелсіздікке, утопияға, социализмге, теңдік принципіне, экологизмге және локализмге бағытталған әртүрлі теориялық көзқарастардан тұрады және медиа құрылымдары бақылаушыларға емес, тұтынушыларға

көбірек бағытталуы керек деп тұжырымдайды. Олар еркін таңдау мен қатысу мүмкіндігін ұсынуы керек, көрерменге барынша ашық болу керек және қазіргі уақыттағыдан гөрі әлеуметтік өмірге белсендірек қатысуы қажет.

Теорияның практикалық көрінісі өзгергіштік пен вариативтілікте байқалады: астыртын басылымдар, солшыл радиохабарлар, кабельдік теледидар, аймақтық шағын медиа құрылымдар, көше мен ауладағы хабарландырулар, саяси ұрандар және тағы басқалар.

Демократиялық плюрализм теориясының негізгі принциптері мыналар:

1. Жеке тұлғалар мен азшылықтар коммуникация жүйелері мен БАҚ қызметтерін өздері қажетті деп санайтын түрде пайдалану құқығына ие;

2. БАҚ құрылымы орталықтандырылған саяси биліктің немесе басқа мемлекеттік бюрократиялық жүйелердің бақылауында болмауы керек;

3. БАҚ, әсіресе медиаұйымдар, кәсіби мамандар мен медиа пайдаланушылар үшін емес, көрермендер үшін хабар таратуы тиіс;

4. Жеке топтар, ұйымдар және жергілікті қауымдастықтар өздерінің медиа құрылымдарына иелік етуі керек;

5. Шағын, тұрақты байланыста болатын және белсенді әрекет ететін медиа құрылымдар ірі, қатаң бағытталған және кәсібилендірілген медиаға қарағанда тиімдірек;

6. Коммуникация – тек қана кәсіби мамандардың қолында болуы тиіс емес маңызды сала.

Теорияларды талдай отырып, біз оларды жеке-жеке қарастырмай, жалпы талдау мен нақты сын-пікірмен шектелеміз. Алдымен атап өтетін нәрсе — коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулерге байланысты жүргізген талдауымыз бұл жағдайда да тиімді болуы мүмкін.

Коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер жағдайындағыдай, теорияда да бұл мәселенің жаңа және қазіргі уақытта өзекті ретінде көрсетілуі ерекше маңызды факт болып табылады.

Сондықтан, тіпті тарихқа терең бойлайтын көзқарастар да қазіргі жағдайды толық сипаттай алмайды.

Мұндай көзқарас түрі сол теориялардың пайда болған кезеңіндегі жағдайлармен өзара байланысын білдіреді. Жаңа жағдайлар пайда болған кезде, оларға тікелей қатысты бұрынғы ұғымдарды жоюға немесе плюрализм мен модернизм сияқты жаңа ұғымдарды әзірлеуге жүгінеді. Мәселені бірнеше қырынан қарағанымыз бізге бұл фактіні айқын көрсетеді.

Жоғарыда қорытындылағанымыздай, Сиберт пен оның серіктестерінің еңбегінің нәтижесінде пайда болған тәсіл, кейінгі теориялардың негізі болғанымен, осы контекстен шыға алмады. Сиберттің Қырғи Қабақ соғыс кезеңінде әзірлеген теориясы сол кезеңнің жағдайлары мен талаптарына тікелей байланысты болды. Алайда, тіпті бұл мәселелер мен қатынастар да сынға ұшырады, себебі олар тек «бізге қарсы» деген дұшпандықтың бір ғана аспектісін ғана көрсетті.

Коммуникация теорияларының, сондай-ақ олардың белгілі бір кезеңде қалыптасуы және нақты мәселелер шеңберіндегі шектеулілігінің ең жақсы үлгісі - Сиберттің төрт пунктіне қосылған екі қосымша пункт болып табылады.

Модернистік теория 1950-жылдардың соңы мен 1960-жылдар аралығында дамушы елдердің бірігуге ұмтылғаны, және де олардың БҰҰ немесе ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдардағы ортақ позицияларын білдіруі Батыс үшін мәселе болғаны туралы дәйекке негізделеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен және классикалық отаршылдық дәуірдің тәмамдалуымен, үшінші әлем елдері жаңа экономикалық және саяси жүйе құруға

Маршалл жоспарының көмегін алып отырған Еуропадан: Грецияға Маршалл жоспары аясында көрсетіліп жатқан көмек...

Пирейден Афинаға баратын жолдың екі жағында да Американың тауарлары жиналған. Ішкі қақтығыстардан әлі құтыла қоймаған Грекия Маршалл жоспарына қатысы бар жағдайларда ақ нан жеп отыр, ал Түркия әлі күнге дейін қара нанға қанағат етеді. Көп нәрсені талап еткен Грекия үкіметі қалағанына қол жеткізді. Біз болса, енжар саясатымызбен ештеңе талап ете алмай, көптеген жылдар бойы коммунизмге қарсы күресу үшін көп миллиондық әскерлермен бірге Еуропа мен Таяу Шығыстың күзетшісі болдық, сондықтан біздің

экономикамыз кері кетті. Түркия өз рөлінің маңыздылығын көрсету үшін ештеңе істемей, өз даусын естіту үшін ешқандай әрекет жасамаса, не талап ете алады?

43) 1950 жылдың 11 шілдесі:

Тағы бір коммунист, дәлірек айтсақ, оған пародия жасаған адам босатылды.

44) 1950 жылдың 11 шілдесі:

Англияда сабынды карточка бойынша сату тоқтатылады.

45) 1950 жылдың 13 шілдесі:

“Ньюсуик” газетінің цитатасы: «Американың тыңшылықпен күресі... Ялтада президент Рузвельт ауыр науқас Сталиннің кейбір талаптарына көнуге мәжбүр болғанға дейін, Кеңес Одағы өз құпия мақсаттарын айлакерлікпен жасырып келді. Бір мезгілде құпия агенттер болып табылатын Коммунистік партияның мүшелерітіпті Рузвельтке де жетті. 1942 жылдан кейін КСРО делегациялары эшелонмен Америкаға келе бастады. 1946 жылы Эдвард Гувер коммунистік тыңшыларды нацистік тыңшылармен салыстырғанда ең үлкен қауіп деп санады. Америка бұл ойды бірнеше жария мәлімдемелермен, бірнеше қамаулармен қабылдады. Үкімет мүшелері арасындағы коммунистердің саны күрт өсті, тіпті көпшілігі сыртқы саясат ведомствосының барлық қызметкерлері КСРО-ға жұмыс істейтін тыңшылар деп ойлай бастады. 1948 жылы Галаңд Косенкин оқиғасы болды. Одан кейінгі оқиға – бұрын коммунистерге жұмыс істеген мемлекеттік қызметкер Элизабет Бентлидің көпшілік алдында сөйлеген сөзі назар аударарлық жайт болды. Айыпталушылар арасында соғыс кезінде маңызды тапсырмаларды орындағандар да болды. Бентлидің айтқан сөзі бұрын “Таймс” журналында мақалаларды шығаруға

жауапты редактор болған Витакер Чонберстіңсөзі не туралы екенін түсіну үшін жеткілікті болды. Алайда, негізгі соққы коммунистердің басшыларына тиді. Коммунистік жетекшілер елде төңкеріс дайындағаны үшін сотталды. Америкаға жағдайдың мәнін түсіну үшін көп уақыт қажет еді. Бұл КСРО тыңшылары өте маңызды ақпараттарды ала бастағаннан кейін болды. Алайда, бұған қарамастан, ФБР мұқият жүргізілген жұмыс нәтижесінде кеңестік тыңшыларды жойып, олардың көбісін өлтірді».

46) 1950 жылдың 14 шілдесі:

Марсель Маршалл жоспары аясында көрсетілген көмектің арқасында қайтадан салынуда.

47) 1950 жылдың 18 шілдесі:

Канада КСРО тарапынан болуы мүмкін шабуылға тойтарыс беруге дайындалуда.

48) 1950 жылдың 18 шілдесі:

Иран қалай қорғана алады?

49) 1950 жылдың 19 шілдесі:

Польша Кеңес Одағының басқаруына өтті.

50) 1950 жылдың 19 шілдесі:

Түркия Ұлттық Лигасының делегаты Мукеррем Ташчиоғлудың мәлімдемесі: Парижде оқып жүрген барлық студенттердің 60%-ы коммунистер.

51) Америкада атом саласындағы деректерді зерттейтін тыңшы ұсталды. Суретте шектен тыс ашуланған халық... Инженер Джулиус Розенберг ФБР қызметкерлерімен қолға түсіп, оған атом саласындағы зерттеулер туралы ақпарат жинайтын тыңшылық желіге адамдарды тарту айыбы тағылуда.

52) 1950 жылдың 19 шілдесі:

Сателлит мемлекеттерде тыңшылық пен саботаж әрекеттері.

53) 1950 жылдың 19 шілдесі:

Ағылшын әскери кемесіндегі саботаж (АР) – Бүгін ағылшын әскери кемелерінде орын алған үш саботаж жағдайы туралы ресми мәлімдеме жасалды. Бұл әрекеттер коммунистердің ұйымдастырған іс-әрекеттері деген болжам жасалуда.

54) 1950 жылдың 20 шілдесі:

Бүгінгі заңнамалық актілер біздің шетелдегі абитуриенттерімізді бақылауды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз.

55) 1950 жылдың 20 шілдесі:

«Маршаллдық» Еуропадан: Италия көп нәрсе алды, ал біз – аз. Италия Американың көңілдесі, ал Түркия заңды әйелі сияқты. Әйелі күйеуін оңай тастамайды, ал көңілдес әрқашанда тартымды.

56) 1950 жылдың 22 шілдесі:

«Маршаллдық» Еуропадан: Еуропа енді американдық болды.

57) 1950 жылдың 22 шілдесі:

Америкада тыңшылық жасады деп айыпталған Голд, өлім жазасына кесілуі мүмкін.

58) 1950 жылдың 23 шілдесі:

Түркияға әскери көмек көрсету миссиясының басшысы генерал Хорас Макбридж: «Әлемде саясаттың әскерге ең аз әсер ететін елді кездестіру мүмкін емес. Саясаттың әскерге араласпауы өте маңызды. Түркияда әскерилер сайлау процесіне қатыспайды және әскерде дауыс беру құқығының болмауына байланысты ешқандай наразылық жоқ».

59) Сталин Түркияда жеңіле ме?

60) 1950 жылдың 23 шілдесі:

Ақын Назым Хикметке рақымшылық жасалуына байланысты жас ұлтшылдар көңілсіздікке ұшырады. Ертең жексенбіде наразылық митингісін өткізу жоспарлануда. Бұл митингке халықтың жаппай қатысуы күтілуде.

61) 1950 жылдың 23 шілдесі:

Ағылшын суасты қайығында саботаж әрекеті.

62) 1950 жылдың 24 шілдесі:

Коммунизмді қарғайтын манифестациялар.

63) 1950 жылдың 24 шілдесі:

(Берлин) – Қызылдардың жаңа тактикасы... Олар пойыз жолаушыларын әдемі қыздардың көмегімен алдауға тырысады.

64) Басты жаңалық: Мәрмәр теңізінде суасты қайығы байқалды. Бірнеше рет теңіз бетіне көтеріліп, кейін кенеттен жоғалып кеткен қайықты ұстау үшін әскери флоттың құралдары жұмылдырылды. Ресми билік бұл мәселе бойынша түсініктеме бермейді.

(Измит) – Сенімді дереккөздерге сәйкес, шетелдік суасты қайығы сағат 14 шамасында Дарыджа мен Ялова арасындағы Мәрмәр теңізінде байқалған.

65) 1950 жылдың 25 шілдесі:

Америкада тыңшылықпен күрес күшейіп келеді. (Вашингтон АР) – Труман халықты шпиондық, саботаж және басқа да зиянды әрекеттерге қарсы күресте ФБР-мен ынтымақтастыққа шақырды.

66) 1950 жылдың 25 шілдесі:

Англиядағы ең соңғы саботаж жағдайлары.

67) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Біз қарулы күштерімізді Кореяға жібереміз. Кеше Анкарада Баярдың төрағалығымен өткен Министрлер кеңесінің отырысында БҰҰ-ның бұйрығына сәйкес 4500 әскери қызметкерден тұратын әскери контингентті жіберу туралы шешім қабылданды.

БҰҰ Бас хатшысы Тругве Лиге жолданған телеграмма:

«Түркия үкіметі БҰҰ-ға мүшелік міндеттемелерін және Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін орындау борышы деп санап, 1950 жылғы 15 шілдеде сіздің Кореяға әскери көмек көрсету туралы телеграммаңызды мұқият қарады. Бүгінгі әлемдік тәртіпті ескере отырып, Түркия Республикасы үкіметі бейбітшілікті орнату үшін 4500 әскери қызметкерден тұратын әскери контингентті Кореяға жіберу туралы шешім қабылдады».

Профессор Фуат Копрюлю  
Сыртқы істер министрі

68) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Америкалық сенаторлар Анкарада келіссөздер жүргізді. Мырза Каин Кореяға әскери контингент жіберу туралы шешім қабылдауы арқылы Түркия бүкіл әлемде өзінің беделін көтеретінін айтты: «Америка оған көмектескендерге көмектеседі. Кореядағы соғыс – тек АҚШ-ты ғана қамтитын соғыс емес, бұл – Біріккен Ұлттар Ұйымының соғысы».

69) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Белгісіз суасты қайығы. Измит бұғазындағы теңіз тасымалы тоқтатылды. Суасты қайығы байқалған жерде 3 торпеда табылды. Бұрын хабарланғандай, Мәрмәр теңізінде Ялова мен Дарыджа арасындағы белгісіз суасты қайығын ұстау үшін Голджук маңындағы елдің әскери-теңіз күштері жұмылдырылды. Кеше күндізден бүгінгі түннің кешіне дейін

бұл аймақта суасты қайығын іздеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, суасты қайығы табылмады. Суасты қайығы байқалған жерде 3 торпеда табылды. Тергеу жұмыстары жалғасуда.

70) 1950 жылдың 26 шілдесі:

«МӘСКЕУ ЖІБЕРГЕН ШАҒАЛА...» Тақырыпша: ...Чекмедже Гөлі жағасында біздің аңшыларымыз ұстап алды... Құстың аяғында «Мәскеу-169010-Е» жазуы бар сақина табылды, бұл жоғарыдағы фотосуреттерде құстың Мәскеуден шығарылғанын көрсетеді. Мәскеу теңіз жағасында орналаспағандықтан, құс Чекмедже Гөлі аймағында қалай пайда болды деген сұрақ туындайды. Сақина біздің оқырмандардың бірі жіберген хат арқылы келіп, қазір газетіміздің баспасында сақталуда».

71) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Қағаз дағдарысы. Ағылшын газеттерінің беттер саны төртке дейін азайды.

72) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Солтүстік Атлантикалық альянс КСРО тарапынан болуы мүмкін әскери агрессияға қатысты әрдайым қырағы болады. Түркия, Греция және Иран әлі де КСРО-ның қысымында.

73) 1950 жылдың 26 шілдесі:

Англия мен АҚШ-та тыңшылыққа қарсы күрес басталды. Саботаж әрекеттерінің алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдануда. Екі елде де соңғы уақытта жергілікті саботаж әрекеттеріне ерекше мән беріліп, бұл өз кезегінде жылдам қарулануға алып келді.

74) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Кореяға бронетанк бригадасы жіберіледі.

75) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Тақырып: Біз – НАТО-ға мүше емес елміз, сондықтан Маршалл жоспары аясында ең аз көмек алатын елміз, ал бізден адам көмегін көрсету талап етіледі. Демократтар партиясы бұл мәселеде келісімін білдіруде. Неге біз жалғыз қалдық? Неге біз, Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес, 4500 әскери қызметкерден тұратын әскери контингентті жіберіп жатырмыз, ал НАТО-ға мүше басқа елдер тілдерін жұтып қойғандай үндемей отыр.

Бәрінің шегі бар, батылдық пен ерлік те шексіз емес. Біз бұл жолы сол шектен асып кеткен сияқтымыз. Мұны демократтар партиясының біліксіздігіне немесе жай ғана сәтсіздікке жатқызуға бола ма, белгісіз.

Хүрриет

76) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Оппозициялық Халықтық-республикалық партия (ХРП) Кореяға әскер жіберу туралы шешімді алдын ала талқылаусыз қабылдауды қолайсыз және қате қадам деп санайды.

77) Нихат Әрим: Елден әскер жіберу мәселесін парламентте талқылаусыз қабылдау – бұл елдің конституциясына қайшы әрекет.

78) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Ұлттық Түрік Түлектер Федерациясы үкіметтің шешімін қуанышпен қабылдап, мәлімдемеде былай делінді: «Түрік жастары бұл мәселенің шешімін үмітпен күтіп, бұл шешімнің бейбітшілік үшін қабылданғанын түсінеді, өз кезегімізде біз – Түркия жастары бізге жүктелетін кез келген тапсырманы орындауға дайынбыз».

79) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Біздің шешіміміз Вашингтонда да, Лондонда да үлкен қуанышпен қабылданды. Америкадан кейін Түркия – Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамындағы алғашқы ел, өз әскери контингентін жіберу туралы шешім қабылдаған.

80) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Белгісіз суасты қайығы Ялова-Чынарджық пен Текирдаа арасында байқалды. Суасты қайығын іздеу жұмыстарын әскери-теңіз флоты бөлімшелері мен әскери авиация ұшақтары бірлесіп жүргізді. Кеше кешке Текирдаа қаласының әкімшілігінен белгісіз суасты қайығы туралы телеграмма келіп түсті. Біздің жүргізген тергеу нәтижесінде Мармара аралы мен Текирдаа маңында желкенді кемеңің экипажы белгісіз теңіз кемесін байқағаны анықталды. Бұл кеме жақындаған кезде бірден жоғалып кеткен. Осыдан бұл нысан суасты қайығы екені анық. Желкенді қайық экипажы Текирдааға келгеннен кейін бұл оқиғаны жергілікті әкімшілікке дереу хабарлаған.

Измит (телефон арқылы) – Мәрмәр теңізінде байқалған суасты қайығы табылған жоқ. Суасты қайығы жасырынып үлгермей жатып торпеданы тастап кетті деп болжануда. Суасты қайығы табылған жерден табылған торпедалар КСРО-ға тиесілі.

Измит (телефон арқылы) – Соңғы минутта алынған мәліметтерге сәйкес, белгісіз суасты қайығы кешкі сағат 20:00-де Ялова мен Чынарджық маңында теңіз бетінде байқалған, содан кейін қайық кенеттен жасырынып кеткен. Кеше кештен бастап суасты қайығын іздеуге әскери-теңіз флотымен бірге әскери авиация ұшақтары да жұмылдырылды. Жоғары әскери шенділер бұл туралы пікір білдірмей отыр.

81) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Батыста барлығы КСРО кез келген уақытта Германияға қарсы әскери шабуылға көшуі мүмкін деп алаңдаулы.

82) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Бельгияда әр екі сағат сайын саботаж әрекеттері орын алуда. Темір жолдарда 30 бомба жарылып, соның салдарынан пойыздардың қозғалысы бұзылды.

83) 1950 жылдың 27 шілдесі:

Үндістандағы фарфор зауытына жергілікті үкіметке коммунистерге қарсы күресте көмек көрсету мақсатында, тиісті шешім қабылданғаннан кейін АҚШ үкіметі тарапынан әскери көмек көрсетілді.

84) 1950 жылдың 28 шілдесі:

1-беттегі карикатура. Корея деп жазылған арал бейнеленген. Аралда АҚШ туын бейнелейтін шляпа киген жас қыз отыр, қолында уд (музыкалық аспап). Қыз жылап отыр. Көкжиекте түрік туы бар әскери кеме көрінеді, кемеде алып мылтық ұстаған бірнеше түрік сарбазы:

- Мен корей жағалауында күтемін, сүйіктім, маған шұғыл түрде қажетсің.

85) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Инёну: Қазірдің өзінде ықтимал басып кіру жағдайында Түркия қандай көмек көрсете алатыны туралы ойлану керек. Қызық, егер Кореяда соғыс басталса, БҰҰ мүше мемлекеттерінен тек мақұлдау талап ете ме? Мені дәл қазір осы мәселе алаңдатып отыр.

86) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Ыстамбұл университетінің түлектері қауымдастығының ерекше құрам басшылығымен өткен жиналысында Францияда Назым Хикмет ісіне қатысты өткен соңғы коммунистік митинг

туралы пікір білдірілді. Жиналысқа қатысушылар митингте айтылған идеяларды жоққа шығарып, қауымдастықтың жабық отырысын өткізу және онда Түркияда әлі де басылып жатқан прокоммунистік журналдарға қарсы митингтер мен наразылықтар өткізу мәселелерін, сондай-ақ Францияда оқып жүрген және коммунистік идеялардың ықпалына түскен студенттер мәселесін қарауды ұсынды.

87) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Түркияның Кореяға әскер жіберу туралы шешімі бойынша шетелдік бір беделді тұлға былай деді: «Түркияның қабылдаған бұл шешімін КСРО-ға қарсы шешім деп қарастыруға болмайды».

88) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Жапония мен Канада маңында белгісіз суасты қайықтары мен әскери кемелер байқалды. (Токио) (АА-АҒР) – Күн сайын белгісіз әскери кемелер, суасты қайықтары және әскери ұшақтарды көруге болады. Халық алаңдаушылық сезіне бастады. Полиция аралдың үнемі теңіз жағынан күшті прожектор сәулесімен тексеріліп жатқанын хабарлады. Екінші жағынан Оттавадан алынған мәліметтерге сәйкес, балықшылардың белгісіз бір немесе екі суасты қайығының бар екендігі туралы мәлімдемелері, шамасы, сенімді болып көрінеді.

89) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Артур Кестлер коммунизмнен бас тартты. Венгриядан шыққан жазушы-коммунист Артур Кестлер коммунизм идеологиясынан бас тартып, коммунистік жүйенің ішкі қыр-сырын жаза бастағаннан кейін ағылшын тактикасына ауысып, темір перденің арғы жағына батыс баспасөзін енгізу үшін ұйым құруға кірісті.

90) 1950 жылдың 28 шілдесі:

Сингапурда саботаж әрекеттері.

91) 1950 жылдың 29 шілдесі:

Шешім соғыстың емес, бейбітшіліктің пайдасына қабылданды.

92) 1950 жылдың 29 шілдесі:

Негізсіз қауесеттер... Біздің елде әскери контингент жіберу туралы шешім қабылданғаннан кейін халықтың банктерге жаппай ағылып жатқандығы және несие транштарының токтатылғандығы туралы қауесеттер шындыққа жанаспайды.

93) 1950 жылдың 29 шілдесі:

Ластанған суда балық аулағысы келетіндер де бар. Негізсіз қауесеттердің таралуы мен алтынды сатып алу жалғасуда, бұл оның қымбаттауына әкеліп соғуда.

94) 1950 жылдың 29 шілдесі:

Түрік Бейбітшілік үшін Күресушілер Одағы үкіметтің Кореяға әскери контингент жіберу туралы шешімін бағалай отырып, мәлімдеме таратты. Бұл мәлімдемеде мұндай қадам елдің ұлттық мүдделеріне қайшы келетіні айтылды. Прокуратура бұл мәлімдеменің дереу тәркіленуін және оны әзірлеушілерге қатысты заңды қудалауды бастау туралы нұсқау берді.

95) 1950 жылдың 30 шілдесі:

«Бейбітшілік сақшылары» атты басылымды ұйымдастырған төрт адам елдің ұлттық мүдделеріне зиян келтіргені және ұлттық қарсыласу рухын әлсіретуді көздегені үшін қамауға алынды. (Аднан Джемгиль, Бехидже Боран, адвокат Вахдеттин Барут, баспагер Кемаль Аныл) Екі айыпталушының (Аднан Джемгиль мен Бехидже Боранның)

үйлерінде табылған құжаттар тәркіленді. (...) Суретте Бехидже Боран бейнеленген. Шетелде тамыры бар басылым, оның баспагерлері өздерін еркін сезініп, мемлекеттік және ұлттық мүдделерге қайшы келетін әрекеттерді жүргізуде, сондықтан олар баспасөздің қырағы назарында.

96) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Кеше түнде белгісіз суасты қайығы ұсталды. «Біз уәкілетті органдардан бұл ақпараттың дәлдігін растай алмадық...», - деген сөздерден басталады хабарлама, - «Дарыджа маңында су бетінде байқалып, кейін ұсталған суасты қайығы Болгария флотының меншігі екені анықталды. Измит флотының қолбасшылығы суасты қайығын ұстау туралы қандай да бір ақпарат берген жоқ.

97) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Коммунизмге қарсы аяусыз күрес басталады. (Анкара) (телефон арқылы) – Үкімет ұлттық бірлікті әлсіретуді көздейтін кез келген әрекетке қарсы ең қатаң әдістермен күресуге ниетті екенін мәлімдеді. Біздің жаңа үкімет коммунистік арандатушылықтарға қарсы үлкен қырағылық танытып, коммунизмге қарсы аяусыз күреске көшуді жоспарлап отыр.

98) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Фарук Нафизтің әскери контингентті жіберу туралы шешімі туралы: Біз басқалар шайқасқан кезде құр қарап отыруымыз керек пе, әлде құрбандыққа бару арқылы дұрыс шешім қабылдаймыз ба?

99) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Сегіз жолдан тұратын тақырып: Кеңес Одағының әскери-теңіз күштері қаншалықты мықты? Кеңес Одағы адамзатты жоятын қаруды жасаумен айналысуда. КСРО бұл қаруды адамзатқа қарсы пайдаланудан еш тайынбайды.

100) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Егер басып кіру жүзеге асса, АҚШ-тың көрсететін көмегі қандай болмақ? Англия мен Францияның халқы біздің елмен салыстырғанда көбірек, бірақ неге бұл елдер Кореяға аз контингент жібереді? Бұл талқыланып жатқан мәселе.

101) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Бүгінгі «Хүрриет» газетінің шығарылымы 133750 данамен шықты.

102) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Арам ниетті түрде таратылған қауесеттер... Ыстамбұлдың шығыс-жерорта теңізі жағалауындағы бағыт бойынша жүрген жолаушы пароходы белгісіз суасты қайығының шабуылына ұшырап, суға батып кетті деген хабарлар шындыққа жанаспайтын болып шықты. Кеше біздің газет редакциясы теңіз көлігі департаментінің өкілдерімен байланысқа шығып, бұл мәліметтерді толықтай жоққа шығарды.

103) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Қауымдар палатасында саботаж.

104) 1950 жылдың 30 шілдесі:

Түн ортасында Мәрмәр теңізінде белгісіз моторлы қайық ұсталды. Онда үш адам болды. Қайықтан белгісіз бағытқа жарық сигналдары берілгені анықталды. Өткен түні сағат үштен өткенде жағалауда ешкім болмаған кезде полиция патрулінің назары теңізден мезгіл-мезгіл көрінген жарық көзіне ауды. Моторлы қайықта екі ер адам мен бір әйел, сондай-ақ төсектен, көрпеден, азық-түліктен, бір пистолеттен, соңғы үлгідегі фотоаппараттан, киімдерден, екі бөшке бензиннен тұратын заттар болды.

105) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Копрюлю: Кореядағы соғыс басталғалы бері жағдай қандай болса, солай қалды. Ал таратылып жатқан қауесеттер - коммунистер мен алыпсатарлардың әрекеттері.

106) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Парламентте дауыс берусіз және оппозицияның мақұлдауынсыз әскер жіберу туралы шешімге сын айтылуда.

107) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Жастар ұйымы құрылуда. Еуропада ұлттық жастар ұйымдары жаппай құрылып жатыр, Түркияда да осындай көрініс байқалады, оның дәлелі - Түркия түлектер қауымдастығы, Ыстамбұл жұмысшылар кәсіподағы, «Түрік ошағы» ұйымы, мұғалімдер қауымдастықтары.

108) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Басты беттегі карикатура: алдыңғы қатарда бетінен абыржу көрінетін БҰҰ хатшысы, оның артында америкалық, ал американдықтың соңынан бетінде батылдық көрінген түрік солдатты бейнеленген. Барлық жерде американдық долларлар ұшып жүр, ал Еуропа елдерін бейнелейтін әртүрлі киімдегі адамдаросы ақшаны қалайда қолға түсіруге тырысады.

109) 1950 жылдың 31 шілдесі:

КСРО-ның әскери бюджеті туралы сенімді ақпарат.

110) 1950 жылдың 31 шілдесі:

КСРО Иранға да қауіп төндіруде.

111) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Түркияның НАТО мен Жерорта теңізі альянсына мүшелік мәселесі.

112) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Анкарада кәсіподақ ұйымдарының мүшелері жиналды. Жиналысқа қатысушылар үкіметтің Кореяға әскери

контингент жіберу туралы шешімін мақұлдап, премьер-министрге жеделхат арқылы хабарлады.

113) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Тек қараңызшы! Олар ұлттық мүдделер үшін күресуде! (Соттағы Бехидже Боранның айтқан сөзіне қатысты пікірлер)

114) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Американың атом саласындағы ақпаратты анықтауға тырысқан тағы екі тыңшысы қамауға алынды. Германиямен соғыс кезінде КСРО құрған тыңшылық желі біртіндеп жойылуда.

115) 1950 жылдың 31 шілдесі:

Адмирал Джиндер біздің қалаға сапармен келді. Адмирал Джиндер Мәрмәр теңізінде байқалған белгісіз суасты қайықтары туралы сұраққа былай жауап берді: «Теориялық тұрғыдан алғанда, суасты қайықтарының бұғаздардан өтуі мүмкін, бірақ мен жеке өзім мұндай мүмкіндікті жоққа шығарамын».

116) 1950 жылдың 1 тамызы:

Кеше 4 коммунист тұтқындалды. Университеттер жұма күні коммунизмге қарсы сын тақырыбына арналған жиналыс өткізуді ұйғарды.

117) 1950 жылдың 1 тамызы:

Кеше АҚШ флоты біздің елдің портына келді. Карикатура: бұғазда әскери кемелер бейнеленген, ал жағаға долларлық банкноттар түсіп жатыр.

Жазуы: «Қонақтарымыз келді».

118) 1950 жылдың 1 тамызы:

Мәрмәр теңізінің сулары белгісіз суасты қайықсыз. Анкара (АА) – 1950 жылғы 24 шілдеден бастап баспасөз құралдарында таратылған Мәрмәр теңізінің суларына

белгісіз суасты қайығы байқалғаны және кейінірек Измит шығанағында ұсталғаны туралы ақпарат негізсіз. Мәрмәр теңізінің суларына белгісіз объект болмағанын Анатолия агенттігі ресми түрде мәлімдеді.

119) 1950 жылдың 1 тамызы:

«Бейбітшілік сақшылары» ұйымының тұтқындалған мүшелері Анкараға жіберілді.

120) 1950 жылдың 1 тамызы:

Нью-Йорк әкімшілігі бейбіт митинг өткізуді тыйды. Нью-Йорк әкімшілігінің басшысы коммунистік митинг өткізуді тыйым салды.

121) 1950 жылдың 1 тамызы:

Америкада тыншылық үшін өлім жазасы енгізілмек.

122) 1950 жылдың 3 тамызы:

Біздің ел НАТО-ға мүшелікке ресми түрде өтініш берді. АҚШ, Англия және Италия бұл ұмтылысымызды қолдайды. НАТО-ға кіргеннен кейін, егер қандай да бір елден агрессия болса, НАТО-ға мүше елдер бізге қолдау көрсетеді.

123) 1950 жылдың 3 тамызы:

КСРО-ның ықтимал агрессиясы жағдайындағы еуропалық елдердің жағдайы.

124) 1950 жылдың 3 тамызы:

Англияда саботаж әрекеттері.

125) Бейтарап көзқарастағы топтар Кореяға әскери контингент жіберу туралы шешімді ұлттық мүдделерге қайшы қателік ретінде қарастырады. (...) Бұл мәселеге тым көп назар аударылуда. Профессор А.Фуат Башгиль: «Бұл шешім Конституцияға қайшы емес». Анкара университетінің заң факультетінің профессоры Нури Эсен де осы пікірді ұстанады.

126) 1950 жылдың 3 тамызы:

Жағдайды дүрліктіретін, жеңілісшіл насихат қатты айыпталуда. (Анкара-АА) – Үкімет басшысы Аднан Мендерес Кореяға әскери контингент жіберу туралы шешімге байланысты құптау телеграммаларын алып жатыр.

127) 1950 жылдың 3 тамызы:

Германия коммунизмге қарсы күреске жұмылдырылуда. Бұл шешімді АҚШ пен Англия белсенді қолдаса да, Франция оны қолдамауда.

128) 1950 жылдың 3 тамызы:

Коммунизмді айыптайтын жиналыс.

129) 1950 жылдың 3 тамызы:

Коммунистер бұрынғыдай емес.

130) 1950 жылдың 4 тамызы:

«Бейбітшілік сақшылары» мүшелері – жауап алуда. Заңға сәйкес, олар 5 жылдан бастап бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

137) 1950 жылдың 8 тамызы:

Арандатушылық мақалалар жариялаумен айналысқан алты адамға қатысты тергеу басталды. Олар: Мұстафа Буюккальп, Керим Сади, Исмаил Пекджан, Бедри Экин, Кемаль Сонмезер, Мұстафа Фахри және Рыфат Итлер.

138) 1950 жылдың 9 тамызы:

Кореяға жіберілетін полк Аяштан барлық құрметпен аттанды. 26 тамыз – түрік контингентінің ықтимал жөнелтілу күні.

139) 1950 жылдың 9 тамызы:

Жасырын баспагерлік қызметпен айналысқан екі адам қамауға алынды. Олар: Мұстафа Фахри Октав және Нихат Саргын.

140) 1950 жылдың 9 тамызы:

55 мың американдық коммунист жер асты қызметін жүргізуде. ФБР басшысы Эдгар Гувер: «Коварлықпен жұмыс істейтін коммунистер, басқа әрекеттерінен бөлек, өнеркәсіп орталықтарына енуге тырысуда».

141) 1950 жылдың 9 тамызы:

Арандатушылық мақалаларды жариялаушылар.

142) 1950 жылдың 10 тамызы:

Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізілмек. Әділет министрі Анкара университетінің заң факультетінің кейбір профессорларына коммунистердің ірі қалалардағы, өнеркәсіптік орталықтардағы арандатушылық әрекеттерінің жиілеуі, қоғамдық тәртіптің қауіпке ұшырауы жағдайларында осы жағымсыз факторлардың барлығын алдын алу және коммунизмнің кез келген өсіндісін жою үшін әзірленген жоба жіберді. Осы мақсатта әділет министрлігі қылмыстық кодекске өзгерістер енгізуге шешім қабылдады.

143) 1950 жылдың 11 тамызы:

Коммунизмге қарсы шаралар.

144) 1950 жылдың 12 тамызы:

Бірлескен батыс әскеріқұрылады.

145) 1950 жылдың 12 тамызы:

Жерорта теңізінде белгісіз суасты қайықтары байқалды.

146) 1950 жылдың 13 тамызы:

Басты жаңалық: Коммунизмге қарсы күресте теңдессіз әдістер қолданылуда. Коммунистер сот төрелігіне тартылады. Білім беру министрлігі қызметкерлерінің қатарына енген барлық коммунистер тұтқындалады.

147) 1950 жылдың 13 тамызы:

Тақырып: Біз не үшін, кімнен қорғанамыз?

Коммунизмнің кез келген көріністерін басып-жаншып, арнайы олар үшін дайындалған заң күшіне енеді. Ешнәрсеге тұрмайтын 3-5 коммунист үшін демократиямызға зиян келтіру керек пе? Демократияны қорғауға арналған заңның баспасөзді қорқытуға және оппозицияны үнсіз қалдыруға бағытталуы өкінішті болар еді.

Седат Семави

148) 1950 жылдың 13 тамызы:

Ел ішіндегі коммунизмнің жай-күйі... Коммунизмнің таралу ауқымын, себептерін және қозғаушы факторларды анықтау, нақты күрес шараларын әзірлеу – бұл ең маңызды мәселелердің бірі. Сонымен қатар, демократияны қорғауға арналған жаңа заң жобасы дайындалуда.

149) 1950 жылдың 13 тамызы:

Әділет министрі Халиль Озюрок баспасөзге жасаған мәлімдемесінде коммунистердің елден шығарыла бастайтынын айтты. Ел заңдарында азаматтарды елден шығару қарастырылмағандықтан, мен бұл туралы министр Халиль Озюроктен түсініктеме сұрадым. Әділет министрі жұмыс тек бастапқы кезеңде екенін және коммунистерді елден шығару - министрдің аузынан шыққан ұсыныс екенін айтты. Бірақ бұл қадам қаншалықты дұрыс болатындығын анықтайтын мұқият жұмыс жүргізілген жоқ.

150) 1950 жылдың 13 тамызы:

Тақырып: «Білім беру саласына енген барлық коммунистер тұтқындалады». Хабарламаның соңында халық ағарту министрі былай деп мәлімдеді: «Мен мынаны айтуым керек: біз бұл 5-10 арамза адамдармен айналысып, өз істерімізді қалдырып кетпейміз, бұл адамдардың қалай біздің қатарымызға енгені белгісіз».

151) 1950 жылдың 13 тамызы:

Америкада атом саласындағы жетінші тыңшы ұсталды. (Вашингтон) (АА, АҒР) Тыңшы - Этель Геринглас Розенберг, оның күйеуі және ағасы бұрын ФБР тарапынан ұсталған болатын.

152) 1950 жылдың 13 тамызы:

Ыспартада коммунист оқытушы қамауға алынды.

153) 1950 жылдың 14 тамызы:

(Афина) - (АА, АҒР) – Белгісіз ұшақтан лақтырылған пакет табылған жоқ.

154) 1950 жылдың 14 тамызы:

Саяси партиялар, жұмысшылар мен жастар бірлестіктерінің және ұйымдарының қатысуымен үлкен митинг өтеді. Митингтің мақсаты – түрік халқының ықтимал соғысқа дайын екендігін және БҰҰ қағидаттарына адал екендігін көрсету, сондай-ақ коммунизмді айыптау.

155) 1950 жылдың 15 тамызы:

Коммунизмге қарсы аяусыз күрес басталады. Тевфик Илери бұл бағытта қабылданып жатқан шаралар туралы айтты.

156) 1950 жылдың 15 тамызы:

Халық ағарту саласындағы қызметкерлерді тазарту әрекеттерінің негізсіз екендігі туралы ақпарат.

157) 1950 жылдың 15 тамызы:

Америкамен Кореяға әскери контингент жіберу туралы келісім туралы мәлімдемелер негізсіз.

158) 1950 жылдың 15 тамызы:

Американың коммунист көшбасшылары тұтқындалады.

159) 1950 жылдың 15 тамызы:

Солшыл қозғалыстың тағы бір американдық жақтасы өкініш білдірді.

160) 1950 жылдың 16 тамызы:

Біздің елдің сыртқы істер министрі оралды: Түркияның НАТО-ға кіруі бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін қажеттілік болып табылады.

161) 1950 жылдың 17 тамызы:

Мемлекеттік органдардағы коммунистер... Үкімет Отан сатқындарымен қатаң күрес жүргізу туралы түпкілікті шешім қабылдады. Мемлекеттік органдарда коммунист ретінде танылған барлық күдіктілер қудаланады.

162) 1950 жылдың 18 тамызы:

Коммунизмді айыптайтын митинг.

163) 1950 жылдың 19 тамызы:

Америка Түркияға көрсетіп жатқан көмегі үшін алғыс білдіреді. Түркияның әскери контингент жіберу туралы шешімі Америкада үлкен қолдау тапты.

164) 1950 жылдың 19 тамызы:

Коммунизмге қарсы жаңа қатаң шаралар қабылданды.

165) 1950 жылдың 20 тамызы:

Фуат Копрюлю: Біздің сыртқы саясатымыз Америкамен жан-жақты ынтымақтастыққа, Англия және Франциямен берік әрі сенімді қарым-қатынастарға негізделген.

166) 1950 жылдың 21 тамызы:

Американдық баспасөз Түркияның НАТО-ға қатысуын талап етеді.

167) 1950 жылдың 21 тамызы:

Америка тарапынан Түркияға көрсетілетін көмек мардымсыз. Макбрайдтың мәлімдемесі Анкараның саяси шеңберінде түрлі пікірталастарға себеп болды. Маршалл жоспары аясында Түркияға бөлінетін көмек көлемі

шағын мемлекеттерге көрсетілетін ауқымды көмекпен салыстырғанда өте аз.

168) 1950 жылдың 21 тамызы:

Америка денені қорғайтын қалқан іспеттес, коммунизмнің қаупіне қарсы батыл шешімдер қабылдайды.

169) 1950 жылдың 22 тамызы:

Біздің батыр жауынгерлерді корей майданында күтіп отыр. Даңқты түрік жауынгерлері келген бойда ұрыс алаңында басымдықты қолға алады.

170) 1950 жылдың 22 тамызы:

Шетелдік капитал... Америкалық, неміс, француз және голландиялық фирмалар біздің еліміздің экономикасына инвестиция салғысы келетіндерін білдірді.

171) 1950 жылдың 22 тамызы:

Жаңа саяси бөлініс: үшінші дүниежүзілік соғыстың құпия қаруы.

172) 1950 жылдың 23 тамызы:

Батыс Еуропадағы ең мықты әскер – түрік әскері. Селим Сарпердің мәлімдемесі: Егер Түркия НАТО-ға қабылданса, одақ екі миллиондық әскерге ие болады.

173) 1950 жылдың 23 тамызы:

Еуропада оқуға жіберілетін түлектер мұқият тексеруден кейін ғана жіберіледі. Бүгінгі кейбір стамбұлдық газеттердің нөмірлерінде Парижде оқып жатқан 107 студенттің коммунизмге жақындығымен танымал болғандықтан, үкіметтің оларды қайтару туралы шешім қабылдағаны туралы хабар пайда болды. Студенттерді қайтару оқуын тоқтату дегенді білдіреді. Біз өзіміз жүргізген тергеу барысында бұл ақпарат расталмады.

174) 1950 жылдың 24 тамызы:

Белгісіз суасты қайығының құпиясы ақыры ашылды.

(Лондон) (АА – АРР) – Батыс мемлекеттерінің флот басшылары осы суасты қайықтарының КСРО-ға тиесілі екендігі туралы бір пікірде.

175) 1950 жылдың 27 тамызы:

Кәсіподақ ұйымдары Ыстамбұлдың Таксим ауданында митинг өткізді, осылайша олар коммунизмді айыптады. Осы мақсатта осындай митингілер басқа қалаларда да өтті: Анкара мен Эскишехирде.

176) 1950 жылдың 27 тамызы:

Кеше Комиссия отырысының тақырыбы – коммунизмге қарсы күрес болды.

177) 1950 жылдың 28 тамызы:

Америка қаруландыруға тағы 17 миллиард доллар жұмсайды. Осы шығындардың 193 миллионы Түркия, Грекия және Иранға бөлінеді.

178) 1950 жылдың 28 тамызы:

(Хикмет Ферудун Эс) Маршалл жоспарының АХАЖ мысалында қалай көрінетіні: қалыңдықты неке залына көтеріп апаратын күйеу туралы... Біз американдық фильмдердегідей үйленеміз. Тіпті қоқысты да Маршалл жоспары бойынша жинаймыз. Қателеспесем, бұл тәртіп «жаңа әлемде» қабылданды, ал жас жұбайлар әдетте үй табалдырығын аттамас бұрын мұны жасайды. Егер біз қазірдің өзінде АХАЖ есігі табалдырығынан бастасақ, онда біз қабылдаған американизм шынайыдан асып түседі. Жақында үйлену тойларында дәстүрлі шербет орнына кока-кола, кэмпит орнына америкалық бірдеңе ұсынылуы мүмкін. Бізбәріміз бірдей боп кеттік. Кез келген салада біз Маршалл жоспарының іздерін көреміз. Сол сияқты біз оны күнделікті өмірде де көреміз.

180) 1950 жылдың 29 тамызы:

Америкалық коммунистер қайтадан түрмеге жабылады. (Нью-Йорк) (AP) Американың Кассациялық соты 11 америкалық коммунистік лидердің өтінішін қабылдамай, оларды қайтадан түрмеге жапты.

181) 1950 жылдың 31 тамызы:

Бас мақала: Америка мен Түркия: Бүгінде біз де, басқа көптеген мемлекеттер сияқты, өміріміздің барлық салаларында АҚШ тарапынан көмекке мұқтажбыз, бірақ бұл көмектің көлемі бізге толықтай пайдалану мүмкіндігін бермейтіндей бөлініп жатыр. Бұл көмектің басым бөлігі Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріне тиесілі. Тіпті Грекияға да азын-аулақ үлесі тиеді. Америкалықтарға біздің кім екенімізді және неге қабілетті екенімізді ешкім түсіндірмеген сияқты. Америкалықтар жақында ғана Түркияның ешқандай көмексіз Чалдыран, Косово, Бағдат, Қырым соғыстарында батырлық көрсеткенін біледі ме? Біз американдықтарға Чанаккале шайқасындағы ерліктеріміз туралы айттық па? Бізге Американы да, Еуропаны да өзіміз туралы, кім екенімізді жеткізе алмадық, және осының салдарынан Маршалл жоспары бойынша көмектің бөлінуіне қатысты әділеттілікті күтуге болмайды. Маршалл жоспарын жүзеге асыруға жауапты өкіліміз алдымен біздің батырлық тарихымызды айтуы керек еді. Егер құрметті шенеунік бұл мәселеге келіссе, американдықтар бізге деген көзқарасын өзгертуі мүмкін. Егер бұл бұған дейінгі үкіметтердегідей жасалмаса, американдықтар бізге эфиоптардан артық қарамайды. Тағы да баса айтқым келеді: Америкалықтардан көмек сұрағанда, біз кім екенімізді, неге қабілетті екенімізді, бай тарихымыз бен ерекше геосаяси жағдайымызды түсіндіруіміз керек.

182) 1950 жылдың 31 тамызы:

Дәл сол беттегі карикатура: тақырыбы – «Олар бізді

қалай көреді» және түсініктеме: міне, американдықтардың көзқарасы бойынша түріктердің бейнесі. 18 шілдедегі соңғы санында 2 миллион тиражбен шығарылған Лука басылымы осы суретті басып шығарды. Суретте: «Еуропалық Одақ құрылмайды» деген жазу және мақаланың авторы - көп жылдар бойы Еуропада жұмыс істеген американдық газет тілшісі Уэбкортни. Суретте кальян шегіп отырған, дәстүрлі бас киім киген, «Не деген таңқаларлық адамдар!» деп таң қалатын түрік бейнеленген. Міне, Түркияны біздің ең жақсы досымыз - Американың көзімен осылай көрсетеді... Бұл кімнің кінәсі, біздікі ме, әлде жоқ па? Ойланып көрейік...

183) 1950 жылдың 31 тамызы:

Германия мен Италия қаруланудың қажеттілігін көреді.

184) 1950 жылдың 31 тамызы:

Коммунизмді айыптайтын жаппай митингтер.

185) 1950 жылдың 15 қыркүйегі:

Үштік кеңес Түркияны Солтүстік Атлантикалық одаққа қабылдау туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты Түркия НАТО-ға мүше басқа елдермен әскери салада ынтымақтасатын болады.

186) 1950 жылдың 16 қыркүйегі:

Бас мақала: «Бізге өгей бала сияқты қарайды, және бәрі біздің дінімізге байланысты. Әлі күнге дейін крес жорықтарының сарқыншақтарыжәне әлемнің христиандық және мұсылмандық болып бөлінуі сақталған.»

Седат Семави

187) 1950 жылдың 16 қыркүйегі:Бас мақала: Барлық байланыстар үзілді. Біздің тарихымыз ұлы. Қабілетсіз үкімет, елді басқарып отырған адамдар... Бізді ешкім де құл ете алмады... Бізде Еуропадағы ең мықты әскер бар. Біз – адал халықпыз, біздің арамызда коммунистер жоқ. Осыдан кейін

біз де басқалар сияқты сауда жасауымыз керек. Және осыдан кейін біз – үлкен әскері бар елміз, біз біртұтас халық болып тек өзіміз туралы ойлайтын боламыз, әлемде қай жерде апаттар болса да, бізге бәрібір болады.

Седат Семави

188) 1950 жылдың 17 қыркүйегі: Бірінші беттегі карикатура (түсіндірмесіз): Карикатурада “Атлантика” деп аталатын кеме бейнеленген, оның бортында АҚШ, Англия және Францияның өкілдерін бейнелейтін үш адам тұр. Кеме жіпарқылы Фуат Копрюлюге байланған. Кемедегі адамдар жіптіпышақпен кесуге тырысуда.



## Moskova'dan Uçurulmuş Bir Martı

Avcılarımız tarafından  
Çekmece gölünde  
vuruldu

Okuyucularımızdan Rasim Eskin, 23 temmuz pazar günü Çekmece gölünde avlanırken küçük boyda bir martı vurmuştur. Martının ayağında Moskova'dan uçurulduğunu gösteren yukarıda fotoğrafını neşrettiğimiz (MOSKOVA - 169010 E) işaretli bilezik bulunmaktadır. Moskova'nın deniz kenarı bir şehir olmadığı halde bu küçük martının ne şekilde uçurulduğunu ve bizim Çekmece gölüne kadar nasıl geldiğini merak ettik. Okuyucumuzun bir mektupla bize gönderdiği bilezik matbaamızda mahfuz bulunmaktadır.

## Gençlik teşkilâtı kuruluyor

Dün bu maksatla  
bir toplantı  
yapıldı

Bir müddettenberi Türkiye Avrupa memleketlerinde olduğu gibi bir 'Milli Gençlik Komitesi', teşkil yolunda Türkiye Milli Talebe Federasyonu, İstanbul işçi sendikaları ile devamlı görüşmelerde bulunmuştur. Federasyonun geçenerde yapılan idare heyeti toplantısında, memleketimizdeki duruma uygun olarak, Türk Ocağı, Muallimler Birliği, ve İşçi Sendikaları ile müştereken bir Gençlik Komitesi temelinin atılması kararlaştırılmıştı.

Bu karar gereğince dün Paşabahçe İspirto Fabrikası Lokalinde fevkalâde bir toplantı yapılmış ve Türkiye Millî Gençlik Teşkilâtının vücut buluşu hakkındaki teklifi müzakere edilerek ittifakla kabul olunmuştur. İşçi Sendikaları Birliği toplantıda aldığı kararla bu mevzuda

(Devamı Sa. 4. Sü. 3 de)



**PRİZİ**  
**30**  
Tarih: 1950  
Sayı: 2, No: 112  
Fiyat: 10 kuruş

# Hürriyet

BAĞIMSIZ - HUKUKSAL - İYİ NİYETLİ  
GÜVENLÜ - HUSUSİ - İZLENİMLİ - İZLENİMLİ  
Müdürlük: İZMİR KİRAZLI



**PAZARCI - İYİ NİYETLİ**  
**DAL PAZARCI**  
**BİR HANIKABİ**



**Yüksek Akademi şura çalışmalarını bitirdi**  
Akademi şurası, 1950 yılında çalışmalarını bitirdi. Şura, 1950 yılında çalışmalarını bitirdi. Şura, 1950 yılında çalışmalarını bitirdi.

## Meçhul denizaltının dün gece yakalandığı haber veriliyor

Darıca açıklarında suyun üzerine çıktığı sırada Yakalanan denizaltının Bulgaristan filosuna mensup olduğu anlaşılıyor

İzmit Deniz Komutanlığı denizaltının ele geçişinde önemli bir rol oynadı. Herhangi bir malumat vermedi.

**Kore'ye asker sevki kararının ardından Kısım Gülek Başbakanın dün yaptığı beyanata cevap verdi**



**Batılıların hazırlıkları**

## Belçika'da vaziyet vahimleşti

Yarım milyon için grav ilan etti. Kralın zorunlu deklarasyonu ile belçikalılar...

**Avusturya'da başlayan karışıklarda Türk atletleri galip vaziyette**



## Koreye yollanacak birlik için hazırlıklar son safhada

Birlik Ankara, Kocaeli ve Balıkesir'deki kuvvetlerden eret alınıp teşkil edilecek. C. Bayar Yalovada



**YUKARIDAKİ HARİTAMIZ:** - Çinin İttihakı ve Batı ile İttihakı arasında önemli bir rol oynadı. Batı ile İttihakı arasında önemli bir rol oynadı. Batı ile İttihakı arasında önemli bir rol oynadı.

## Üçüncü Dünya Harbini Yapacakların İLK TECRÜBE HARBİ



**CINAYET**  
GECİ İZLENİMLİ...

**Millî menfaatlere zararlı ve millî mukavemeli sarsacak nesriyat yapan "Barışseverler", den dördü tevkif edildi**

Sankilerden ikisinin evlerinde bulunan bazı vesikalar da müsevereler oldu.

**Bugün başladık**



# Bozguncu neşriyat yapan altı kişi aleyhinde takibat başladı

Bunlardan "Yeni Baştan,, gazetesinin bir muharriri ile Hür Markopaşa gazetesi sahibi tevkif olundu

Diğer altı sanki için ayrı şekilde muamele tatbik olunacak

Yurt içinde içtimai bir zümrenin diğerleri üzerine tahakkümünü kurmak, mevcut iktisadi ve içtimai nizamları devirmek, siyasi ve hukukî nizamatı yıkmak gayesiyle hareke ve neşriyat yaptıkları iddiasıyla "Yeni Baştan,, gazetesi sahibi Mustafa Büyükalp ile muharrirlerinden Kerim Sadi, İsmail Pekcan, Bedr Ekin, Kemal Sönmez ve "Nazım Hikmet,, gazetesi sahibi Mustafa Fahri, "Barış,, gazetesi sahibi Rifat İtler, yukarıda vasfı geçen cürümlerden maada aynı zamanda adaletin mânevi şahsiyetini tahkir eden suçlu "Hür Markopaşa,, gazetesi sahibi Hakkı Dinçer haklarında Savcılığa takibata geçilmiş, ve kendileri dâvetiye ile adalete çağırılmışlardır. Bunlardan Kerim Sadi ile Hakkı Dinçer dün geç vakit adliye ye gelmişler ve sorguya çekilere tevkif olunmuşlardır. Diğer sanıklar da aynı muameleye tâbi bulunmak tadırlar.



## Savcılık takibata başladı

Kore harbine silâhlı kuvvetler gönderilmesi hakkında hükümet tarafından verilen karar üzerine "Türk Barış Severler Cemiyeti.. isimli bir teşekkül tarafından bir beyanname neşredilmiştir. Bu beyannamedeki yazılar, millî menfaatlerimize aykırı görüldüğünden, Savcılık tarafından beyannameler derhal toplattırılmış, bunu yazanlar, yayın layanlarla Türk Barış Severler Cemiyeti hakkında kanunî takibata başlanmıştır.

## Bir komünist taslağı daha tevkif edildi

Hukuk talebesinden Galip Erdem isminde biri, bazı yerlere komünist propagandasını ihtiva eden afişler yapıştırmak suçuyla Adliyyeye verilmiş ve Sorgu Yargıçlığı tarafından isticvabını müteakip tevkif olunmuştur.

# Komünistlerle mücadele için **Almanya** **seferber** **edilecek**

**Maamafih Amerika ve İngiltere'nin desteklediği bu fikre Fransa pek yanaşmıyor**

Londra 2 (P) — Atlantik Paktını hazırlayanlar, komünizme karşı yapılan savaşa Batı Almanya'nın asker ve makinelerini seferber etmeyi düşünmektedirler.

Bu vaziyet bugün, Türkiye Atlantik Paktına girmeyi teklif ettiği zaman açıklanmıştır.


Burada toplanan Bakanlar Kurulunun karşılaştığı en mühim mesele, Alman kuvvetlerinin ne zaman ve nasıl bir silâhlanma programına ithal edilebileceğidir.

Mesele, Almanya'nın eski tecavüzi hareketlerinden doğan korkuyu ortadan kaldırmaktır. Fransa iki defa Alman tecavüzüne uğramıştır. Onun için Fransa bu fikre yanaşmamaktadır. Anlaşıldığına göre, Amerika bu teklifi desteklemektedir.









Yazısız karikatür..



## **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет**

Философия және саясаттану институты 1999 жылдың ақпанында 1958 жылы құрылған Философия және құқық институты мен 1991 жылы құрылған Философия институтының негізінде құрылды. 2012 жылдың мамырында Үкіметтің қаулысымен оның атауы Философия, саясаттану және дінтану институты болып өзгертілді.

Мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Институттың басты міндеті – қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдістемелік, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.

Бүгінгі таңда Философия, саясаттану және дінтану институты – жоғары білікті ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институттың құрылымын анықтайтын негізгі үш бағыт бар: философия, саясаттану және дінтану. Бұл жерде ғылыми зерттеулермен 2 академик, ҚР ҰҒА-ның 1 корреспондент-мүшесі, 19 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты және 22 PhD маманы айналысады.

Институт қызметкерлері әлемдік және қазақ философиясы, саясат, дін, әлеуметтану, білім беру және мәдениет тақырыптары бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар шығарады. Институт қызметкерлерінің ғылыми еңбектері жоғары рейтингтік шетелдік ғылыми ба-сылымдарда сұранысқа ие.

Институтта екі журнал шығарылады: «Адам әлемі» (1999 жылдан бастап) және «Әл-Фараби» (2003 жылдан бастап). Институт тұрақты түрде халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және пікірталас алаңдарын ұйымдастырып отырады. Институт Қытай, Ресей, Беларусь, Әзірбайжан, Қырғызстан, Германия, Түркия, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан.



## **Қазақстан әлеуметтанушыларының қауымдастығы туралы мәлімет**

Қазақстан әлеуметтанушыларының қауымдастығы – социогуманитарлық бағыттағы ғалымдарды біріктіру мақсатында құрылған тәуелсіз кәсіби бірлестік. 2002 жылғы 17-18 мамырда Қазақстан әлеуметтанушыларының Бірінші Конгресінде құрылды. 2003 жылдың наурыз айынан бастап ҚӘҚ - Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының (ISA) тұрақты мүшесі.

ҚӘҚ жоғары органы Қазақстан әлеуметтанушыларының Конгресі болып табылады.

Қауымдастықтың стратегиялық мақсаты елдегі әлеуметтанулық қоғамдастықтың интеллектуалдық және ғылыми-ұйымдастырушылық әлеуетін ашу. Қауымдастық ғылыми зерттеулерге белсене қатысады, әлеуметтік және саяси өлшемдердің әдіснамасы мен әдістемесін, заманауи қазақстандық қоғамдағы үрдістерді жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

ҚӘҚ іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуге мемлекеттік органдар – ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, жетекші жоғары оқу орындары - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, өңірлік университеттер, халықаралық ұйымдар, зерттеу құрылымдары көмектеседі.

Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығы Түркияның, Өзбекбайжанның, Ресейдің аталмыш құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан. Қауымдастықтың өкілдері халықаралық конгрестерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысады.

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

**ХАЯТИ ТУФЕКЧИОҒЛУ**

**КОММУНИКАЦИЯ  
ӘЛЕУМЕТТАНУЫНА КІРІСПЕ**

Жауапты редактор: С. Нұрмұратов  
Аударған: К. Қоңырбаева, Ә. Ибраимова  
Мұқабаның дизайны: Ж. Рахметова

ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану  
және дінтану институты» ШЖҚ РМК  
Басуға 04.10.2024 ж. қол қойылды.  
Таралым 200 дана. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік басылым.  
Шартты баспа табағы: 11.

ЖК «ИМПУЛЬС» баспасында басылып шығарылды.  
Қаскелең қ., ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл көшесі, 35 үй